Қоршаған орта мониторингінің жаһандық жүйесін құру жөніндегі 1972 жылғы Стокгольм конференциясында басталған ластануларға қарсы мониторингі қатаңдату БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында одан әрі дамыды (Глобальная стратегия сохранения растений 2002). Бұл «Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенция» (Конвенция о биологическом разнообразии 1992), «Өсімдіктерді сақтаудың жаһандық стратегиясы» (Глобальная стратегия сохранения растений 2002), «Биоалуантүрлілік туралы конвенция тараптарының XI-ші конференциясының декларациясы» (Декларация XI-ой Конференции Сторон конвенции о биоразнообразии 2012) және т.б. Соңғы уақытта бүкіл әлем бойынша халық санының қарқынды өсуі және ғылым мен техниканың қарқынды дамуы байқалады, бұл қоршаған ортаға, ең алдымен өсімдіктер әлеміне антропогендік әсердің артуына әкелді. Бұл әсерлер көп қырлы. Оларға жерді иеліктен шығару (үлкен қалалардың алаңын кеңейту, жаңа қалалар салу, автомобиль және темір жолдары желісін салу, мұнай мен газды айдау үшін құбырлар жүргізу және т.б.), пайдалы қазбаларды (түсті және қара металдар, көмір, мұнай және газ, уран) өндіру нәтижесінде пайда болған бүлінген жерлер, тың және тыңайған жерлерді игеру мақсатында жырту жатады. Бірқатар мамандардың айтуынша, өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерін жоғалту биосферадағы биоалуантүрлілікті төмендетудің жалпы проблемасының бір бөлігі болып табылады (Jacquemyn et al., 2003; Brys et al., 2002; Jacquemyn H et al., 2003; Kery M et al., 2000; Young A et al., 1996; Jacquemyn H et al., 2002;) Н [5-10].

Шөлді аймақта кездесетін *Polygonaceae* тұқымдасына *Calligonum* L. туысына енетін түрлері осы ортаға өсуге бейімделген бұталы өсімдіктер қатарына жатады (Н. В. Павлов 1961; Абдуллаев А.С.2020;). Таралу ортасы Мойынқұм, Қызылқұм, Үстірт, Ақтөбе және Атырау, Оңтүстік Балхаш өңірлерінен анықталған. *Calligonum alatum* өсімдігі *Calligonum* L. туысына жататын

көпжылдық шөлге адаптациялық қалыптасуы айқындалған бұталы өсімдік. Морфологиялық талдау бойынша биіктігі 1,5-2 м жетеді, сабағы қызыл-қоңыр қабықты, жапырақтары сызықша, майда түктермен қапталған. Жемісі жаңғақша, диаметрі 2–2,5 мм. Анатомиялық зерттеулерде жапырақ эпидермисінде көпклеткалы безді түктер мен эфир май жинағыштары, сабақта ксилема мен флоэманың жақсы жетілгендігі анықталған, бұл өсімдіктің құрғақ климатқа бейімделуін қамтамасыз етеді (Vasila Sharipova et al., 2024).

*Calligonum* L. туысының көптеген түрлері Солтүстік Африкада және Оңтүстік-Шығыс Еуропада кеңінен таралған, бұл туыстың түрлері жалпы алғанда Орталық Азияның шөлді өсімдік жамылғысында таралған. Мұнда олардың жапырақтары әдетте редуцияланған, ал жас бұтақтары фотосинтездің қызметін атқарады. Вегетативтік мүшелердің айқын қарапайымдануына байланысты туыстың төрт секциясын нақты атап көрсету олардың жемістерінің құрылысына және сыртқы белгілеріне негізделген. Нақты айтылған *Calliphysa Borszcz.*, *Calligonum*, *Pterococcus Borszcz.* және *Medusa Sosk.* секцияларының барлығының жемістерінің шеттерінде жіңішке қанатшалары немесе түктері бар жарғақты немесе қапшық тәрізділігімен ерекше белгілері ретінде қалыптасқан. Алайда жеміс морфологиясы айтарлықтай өзгермелі болуы мүмкін, бұл *Calligonum* туысы ішіндегі түрлерді нақты ажырату барысында қиындатады. Түрлердің болжамды саны әртүрлі жүйелеулерге байланысты 28–80 аралығында ауытқиды, кейбір өңдеулерде 174 түр 28 түрге дейін қысқартылған, ал басқада ғылыми деректерге сүйенсек 35 түрі көрсетілген (Song F et al., 2020). *Calligonum* туысына енетін түрлердің сабақтары тегіс және бұтақталған, құрғақ аймақтарда азық-түлік тапшы кезендерде жеуге жарамды ұсақ, шырынды жемістері қоректік азық ретінде қолданылған. Бұл өсімдіктер, әсіресе көктем мен жаз айларында, түйелер үшін өте құнды жемшөп көзі болып табылады. Гүлдері ұнға айналдырылып нан пісіруге немесе ерітілген маймен бірге жергілікті дәстүрлі тағам ретінде дайындалады (Ren, Jun & Tao et al., 2001). Соңғы уақытта Bannour және т.б. (2016) ғылымдардың зерттеуінде *C. azel* жапырақтары, сабақтары, тұқымдары мен тамырларының метанолды экстракттары бірқатар микроағзаларға қарсы саңырауқұлаққа және бактерияға қарсы белсенділік көрсететінін дәлелдеді (Bannour M, et al., 2016). *C. comosum* өсімдігінің жаңа жерүсті бөліктері ойық жараға

қарсы және қабынуға қарсы әсер көрсетті. Египетте өсетін *C. Comosum* өсімдігінің вегетативті мүшелерінен бөлінген кейбір қосылыстар антиоксиданттық және цитотоксикалық белсенділікке ие болып, қандағы қант деңгейін төмендету арқылы гипогликемиялық әсер көрсетті (Liu XM et.al., 2001). Әлемде *Calligonum* L. туысының 35 түрі бар, олардың 23 -ге жуығы Қытайда өседі, ал 8 түрі эндемик болып табылады. Бұл түрлер Қытайдың құмды және қиыршықтасты шөлдерінің экожүйелік тұрақтылығында шешуші рөл атқарады. Эремофиттерді тұрақты пайдалану мақсатында Қытай ғылым академиясы қарасты Турфан ботаникалық бағында Қытайдағы каллигонум түрлерінің шамамен 90%-ы жинақталған (Мао ZM et.al., 1986). Осы аймақта *Polygonaceae* тұқымдасының экономикалық маңызы жоғары және кең таралған *Calligonum* түрлеріне *C. azel*, *C. comosum* және *C. arich* жатады. Олар Тунистің оңтүстігіндегі құмды дюналарда кең таралған, өсуі мен дамуы бойынша ерекшеленеді және бірдей климаттық шектеулер жағдайында бірге кездесуі мүмкін. Бұл түрлер Тунистің шөл экожүйелеріндегі екпелер мен табиғи өсімдік жамылғысының тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, олар жемшөп, халық медицинасындағы дәрілік шикізат, шөлдену үдерістерін тежеу және құмды дюналарды тұрақтандыру сияқты әртүрлі экожүйелік қызметтер мен өнімдерді ұсынуда үлкен әлеуетке ие. Бұдан бөлек, жергілікті көшпелі халық оларды отын мен ағаш көмірін өндіру үшін пайдаланған; осы тұрғыда шамадан тыс пайдалану олардың санының азаюына ықпал еткен (Yahia, Yassine & Vagues et.al., 2019)[19]. Араб түбегінің халқы арасында *Calligonum* дәстүрлі түрде «Арта» атауымен белгілі және негізінен асқазан аурулары мен тіс ауруына қарсы табиғи ем ретінде қолданылады. *C. comosum* көптеген терапиялық қасиеттері, соның ішінде ойық жараға қарсы, қабынуға қарсы, антиоксиданттық және гипогликемиялық әсерлері, *in vivo* эксперименттік зерттеулерде дәлелденген. Сонымен қоса құрамында катехин, кверцетин және кемпферолды қоса алғанда, флавоноидтарға бай. Айта кету керек, әртүрлі еріткіштермен алынған экстракттар бауырдың гепатоцеллюлярлық карциномасына және гормонға тәуелді сүт безі қатерлі ісігінің MCF-7 жасушалық желісіне қарсы әртүрлі деңгейдегі ісікке қарсы әсер көрсетеді (Alehaideb Z et.al., 2020; Gurusamy DK et.al., 2010).

Фитохимиялық заттар бүйректе тас түзілуінің, гиперхолестеринемияның және колорек-

тальды карциноманың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Әдеби деректерге шолу нәтижелері сапониндердің холестерин деңгейін төмендетуге және адамның жүрек-қантамыр ауруларын бақылауға ықпал ететінін көрсетеді. Дубильді заттар (таниндер) спермадағы тағамдық ақуыздарды микробиологиялық ыдыраудан қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өсімдікте фитохимиялық заттарды өндіретін жасушалар дамыған, олар қысқа қашықтықта (жергілікті деңгейде) және ұзақ қашықтықта (шектеулі аумақта жүйелік түрде) әсер етеді. Бұл жасушалар өсімдіктің қоректік заттарға бай ішкі өткізгіш (тамырлы) жүйесін қоршап тұрған сыртқы бөліктерінде орналасқан. Жергілікті химиялық қорғаныс өсімдік кесілген кезде бөлінетін фенолды идиобласттармен сипатталды. Ал жүйелік химиялық қорғаныс құрамында шамамен 50% бензальдегид туындысы (куминальдегид) бар улы ұшпа эфир майымен қамтамасыз етілді (Abulude FO et.al., 2010). Қосымша антиоксиданттардың мөлшері анықталды (Senthilkumar P et.al., 2010). Аталған май сүтқоректілер жасушаларына да, патогенді микроағзаларға да тікелей қосу немесе оның буларының жанама әсері арқылы күшті жойғыш әсер көрсетті. Өсімдікті кесіп, кептіргеннен кейін эфир майының мөлшері азайып, саңырауқұлақтардың өсуіне қолайлы жағдай қалыптасты. Қорғаныс механизмдерінің екеуінің де өсімдіктің сыртқы аймағында шоғырлануы қоректік заттарға бай ішкі өткізгіш жүйені қорғап, соның нәтижесінде өсімдіктің тіршілік ету қабілетін сақтауға мүмкіндік бергені байқалды. Қызықтысы, халықтық дәстүрлі медицинада қолданылуына байланысты жергілікті тұрғындар өсімдіктің тек жасыл бөліктерін және тек қыс мезгілінде пайдаланады, бұл кезеңде өсімдікте эфир майы мен фенолды идиобласттар болмайды. Сонымен қатар, бұл тәжірибе өсімдік шикізатын қолданудан туындауы мүмкін денсаулыққа қатысты мәселелерден сақтану жөніндегі жергілікті ұсыныстардың қалыптасуына негіз болған. Өсімдік қоршаған ортаның қатаң жағдайларында тіршілік етуге қабілетті және қуаң аймақтарда өздігінен өсе алатындықтан, ол құрғақшылық стрессімен қатар патогендер мен шөпқоректі жануарлардың шабуылына да ұшырайды. Осыған байланысты өсімдіктің тіршілігін сақтауға, сондай-ақ патогендердің енуі мен шөпқоректілердің зақымдауынан қорғауға мүмкіндік беретін маманданған статикалық өсімдік құрылымдарының немесе қозғалмалы фитохимиялық қорғаныс механизмдерінің бар-жоғы зерттелді.

Өсімдіктердің дәрілік қасиеттері олардың жоғары антиоксиданттық белсенділігімен, экономикалық тұрғыдан қолжетімділігімен және жанама әсерлерінің болмауымен байланысты бүкіл әлемде кеңінен зерттеліп келеді (Soliman S et.al., 2018). Өсімдік бөліктері еріткіштер көмегімен алынған екі түрлі экстракт түрінде талданды: метанолды экстракты (ССМЕ) және этилацетатты экстракты. Екі жағдайда да терапиялық маңызы бар әртүрлі екінші реттік метаболиттердің бар екені анықталды. Негізгі фитохимиялық заттардың қатарына флобатанниндер, сапониндер, флавоноидтар, терпеноидтар, жүрек гликозидтері және алкалоидтар жатқызылды (Cheruth, A.J., et.al., 2016).

*Calligonum alatum* өсімдігі эрозияға қарсы құмды, жел соғатын аймақтарда тамыры топырақты берік ұстап, құмның ұшып кетуін азайтады. Бұл әсіресе шөлді және жартылай шөлді аймақтарда құмды дюндарды тұрақтандыруда маңызды. Климатқа төзімділігі ретінде шөлдік жағдайларда, жоғары температура мен аз ылғалдылыққа төзімді. Бұл оны табиғи және жасанды құм бекіту жобаларына икемді етеді, биологиялық әртүрлілікті қолдайды, топырақтың қоректік құрамын жақсартады және шөлейт аймақтарда микроэкожүйелерді қалыптастырады, өсу ортасында аз күтімді қажет етеді және топырақтағы құмды бекітуге тиімді, сондықтан мал шаруашылығы және жер пайдалану жобаларында да қолданылады. *Calligonum alatum* құм бекітуші өсімдік ретінде өзектілігі жоғары, себебі ол шөлді аймақтарда топырақты эрозиядан қорғайды, экологиялық тұрақтылықты арттырады, құмның көшуін реттейді.

**Жұмыстың мақсаты:** Зерттеу объектісі *Calligonum alatum* өсімдігінің табиғи популяциясын іздестіру мақсатында 2025 жылдың көктем, жаз және күз мезгілінде Оңтүстік Балхаш аймағының шөлді зонасына экспедиция ұйымдастырылды. Ғылыми зерттеу жұмысы аясында перспективті *Calligonum alatum* өсімдігінің бірінші популяциясы маңынан теңіз деңгейінен 140 м абс. биіктік аралығынан табылды. GPS навигатор приборының көрсеткіші бойынша координаты: N 44°41'12.0", E 76°24'55.2" ш.б.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

*Зерттеу материалы:* *Polygonaceae* тұқымдасына енетін, *Calligonum* L. туысының құмбекітуші және дәрілік қасиетке *Calligonum alatum* өсімдігі.

*Calligonum alatum* өсімдігінің анықталған популяциялардан гербарийлер жинап және оларды кептіру А.К. Скворцовтың әдісі негізінде жасалды (Скворцов А.К., 1977). Популяцияларда таралған өсімдіктерді анықтауда Қазақстан флорасы, Қазақстан өсімдіктерінің иллюстрациялық анықтағышы (Иллюстрированный определитель растений Казахстана 1972) кілттері қолданылды. Анықталған өсімдіктердің қазақша атауы С.А.Арыстанғалиевтің (2013ж) ботаникалық сөздіктерімен тексерілді (Арыстанғалиев С.А. 2013).

*Геоботаникалық зерттеу әдістері.* Зерттеу жүргізілген аймақтан табылған әр ценопопуляциядағы өсімдіктің жастық спектрін анықтау Ю.А.Злобин әдісімен жасалды (Злобин Ю.А. 1989)[29]. Жұмыс барысында жалпы (Nt), репродуктивтік (Nr), тиімді (Ne) сандық есептеулер жүргізілді. Ценопопуляцияның (ЦП) жастық құрылымы қалпына келтіру индекстері (Iv) негізінде анықтаулар жүргізіледі (Голубев В.Н. et.al., 1978). А.Работнов (Работнов Т.А. 1978), Ю.А.Злобин, Л.А.Животовский (Животовский Л.А. 2001) [32] әдістері бойынша зерттеу объектісінің ценопопуляция түрлері мен жіктелуі қолданылды. Таралу ортасының флоралық түрлік құрамы мен өсімдіктер жабыны анықталды (Полевая геоботаника 1976). Т.А.Работновтың (Работнов Т.А. 1960), А.А.Урановтың (Уранов А.А. 1967) әдістемелері негізінде бірінші популяция өсімдіктерінің тіршілік күйін анықталды және қосымша морфологиялық сиптамалары берілді. Зерттеу түрінің жастық құрамын анықтауда және бөліп қарастыруда Т.А.Работнов, А.А.Уранов әдістері қолданылды. Өсімдіктің ортаға бейімделуін деңгейінің жастық құрамын анықтауда 10x10 м<sup>2</sup> трансекталар салынды. Жүргізілген 1м<sup>2</sup> аудандағы түрдің дарактар санының жиілігімен популяцияның тығыздығы анықталады және бағаланады. Зерттелу аймағындағы өсімдіктің таралу нүктесі «GARMIN 60CSx» (Garmin Ltd., АҚШ) GPS навигаторының көмегімен координаттары анықталды.

### Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Ғылыми зерттеу жұмысы 2025 жылдың көктем, жаз және күз мезгілінің айларында жоспарланған. *Calligonum alatum* өсімдігінің өсу ортасына өсімдіктердің таралу деңгейі мен бейімделуі бойынша далалық және камералық бақылаулар, өлшеулер мен деректерді жинау жұмыстары толық көлемде жүзеге асырылды. Зерттеу мерзімі

табиғи жағдайлардың қолайлылығын және зерттелетін объектінің ортаға бейімделу деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып таңдалды.

Бірінші популяциясы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылынан 25 км қашықтықта, Іле өзенінен 500-700 м жетпейтін аймақта *Calligonum alatum* табылды. Өсімдіктің таралу ортасының топырағы құмды массив. Жер бедері толқынды-бұдырлы. Теңіз деңгейінен 145 м., Географиялық координаты (GPS бойынша) координаттары:

N44°41'12.0", E 76°24'55.2" ш.б.

Бірінші популяция бойынша *Calligonum alatum* өсімдігінің үш ценопопуляциясын анықтап олардың әрқайсысына геоботаникалық талдау жүйесі берілді. Өсу ортасы толқынды-бұдырлы құмды рельефпен сипатталады. Ассоциациясы терескен-жүзгін-әртүрлі шөпті қауымдастық құрамды. Өсімдіктің жабыны 40-45% мөлшерін құрайды. Ценопопуляцияның шекаралық бөлігі – жер көлемінің ұзындығы шамамен 450 – 550 м алып жатыр, ал ені шамамен 30 – 50 м аспайды, бірақ кей анықталған бөлігі 100 м дейін жетеді. Өсімдіктердің таралуына қарай 5 ярус анықталды.

Таралу аймағының флоралық құрамын *Populus diversifolia* Schrenk., *Elaeagnus oxycarpa* Schldt., *Calligonum alatum*, *Acacia dealbata* Link., *Descurainia sophia* (L.) Webb ex Prantl., *Artemisia scoparia* Waldst. & Kit., *Artemisia terrae-albae* Krasch., *Capsella bursa-pastoris* (L.) Medik., *Erodium cicutarium* (L.), *Glycyrrhiza glabra* L., *Kochia prostrata* Schrad., *Salsola paulsenii* Litw., *Krascheninnikovia ceratoides* (L.) Gueldenst., *Lappula semiglabra* (Ledeb.) Gürke., *Scorzonera tuberosa* Pall. өсімдіктері құрайды.

I ярус – *Populus diversifolia*, *Elaeagnus oxycarpa* енеді, биіктігі 250-350 см.

II ярусқа сүректі бұталы өсімдіктер қарына *Calligonum alatum*, *Acacia dealbata* енеді, биіктігі 100-120 см.

III ярусқа жартылай бұталы сүректі өсімдіктер қатарына *Artemisia terrae-albae*, *Kochia prostrata*, *Krascheninnikovia ceratoides* биіктігі 70-80 см.

IV ярусқа *Glycyrrhiza glabra*, *Scorzonera tuberosa*, *Descurainia sophia*, *Artemisia scoparia* *Salsola paulsenii* биіктігі 40-60 см.

V ярусқа *Capsella bursa-pastoris*, *Erodium cicutarium*, *Lappula semiglabra* Gürke. қатарына енеді, биіктігі 10-30 см.

Анықталған бірінші популяцияда зерттеу объектісі қатарына *Calligonum alatum* түрінің жастық спектрін анықтау барысында өлшемі 10 × 10 м<sup>2</sup> өлшемінде трансекта арнайы салынды (1 сурет). Трансектада өсімдіктердің онтогенетикалық күйі дараланды, дарақтардың жас топтары бойынша сандық үлесі есептелді. Әр салынған трансектада кездескен зерттеу объектісінің өсімдігінің жастық құрамын анықтауда өсімдіктің онтогенезі зерттелді, мұнда тұқымның өнгіштігінен сенильдік кезеңге дейінгі дарақтарының саны айқындалды.

Бірінші ценопопуляцияның онтогенетикалық құрылымын бағалау мақсатында екі трансекта бойынша жастық күйлердің сандық көрсеткіштеріне статистикалық талдау жүргізілді. Талдау барысында әрбір онтогенетикалық топтағы дарақтар саны салыстырылып, популяцияның құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Жүргізілген нәтижелерге сәйкес, екі трансектада да дарақтардың негізгі бөлігі ретінде виргинильді және репродуктивті кезеңдерге тиесілі екені байқалады. Виргинильді кезеңде (P–V) трансекта

57 дарақтар саны анықталды, ал трансекта 45 дарақты құрады. Бұл көрсеткіштер популяцияның белсенді өсіп-даму сатысында екенін көрсетеді. Репродуктивті жастық кезеңде (G1–G3) трансекта 24 дарақ, ал екінші трансекта 19 дарақ тіркелді. Жас және толық жетілген генеративтік дарақтардың (G1, G2) басым болуы популяцияның тұрақты жаңарып отыру қабілетінің жоғары екенін дәлелдейді. Қартайған генеративтік дарақтардың (G3) санының аз болуы популяцияда регрессивті үрдістердің әлсіз екенін көрсетуі мүмкін.

Сенильді кезеңдегі (Ss, Se) дарақтар саны екі трансектада да төмен деңгейде (2–3 дарақ) анықталды, бұл популяцияның қартаю деңгейінің төмен екенін және онтогенетикалық құрылымының оңтайлы екенін сипаттайды. Бірінші және екінші трансекта арасындағы өсімдік дарақтарының айырмашылықтар сандық тұрғыдан байқалғанымен, жастық күйлердің жалпы құрылымдық үлгісі ұқсас болып келеді. Бұл жағдай ценопопуляцияның салыстырмалы түрде біртекті экологиялық жағдайларда қалыптасқанын және тұрақты даму сатысында екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, алынған статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, бірінші ценопопуляциясында зерттеу объектісі биологиялық тұрғыдан тұрақты және өзін-өзі сақтауға қабілетті популяция екенін дәлелдейді.

**1-сурет**

*Calligonum alatum* табиғаттағы көрінісі



Алынған нәтижелер өскіндер мен ювенильдік жастық күйге тән сандық көрсеткіштердің жеткілікті дәрежеде нақты әрі сенімді екенін көрсетеді. Ал жастық күйлердің өзге сатылары бойынша анықталған сандық мәндерде белгілі бір деңгейде ауытқулардың болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, зерттеліп отырған өсімдіктердің тамырсабақты морфо-биологиялық ерекшеліктерімен және олардың вегетативті көбею қабілетінің жоғары болуымен түсіндіріледі. Вегетативті көбею нәтижесінде өсімдіктер кең аумақты қамтитын ірі клондық шоғырлар түзеді, соған байланысты мұндай қопаларда жеке аналық дарактардың нақты санын айқындау едәуір қиындық тудырады.

Жалпы алғанда, бірінші ценопопуляцияның бірінші трансектасында тіркелген жастық құрылым өскіндер мен прегенеративтік дарактардың басымдығымен сипатталады, бұл популяцияда табиғи жаңару үдерісінің белсенді жүріп жатқанын және оның экологиялық тұрақтылығының жоғары деңгейін көрсетеді. Генеративтік жастағы дарактардың жеткілікті болуы репродуктивтік әлеуеттің сақталғанын дәлелдесе, ал субсенильдік және сенильдік дарактардың аз мөлшерде кездесуі популяцияның қартаю сатысына өтпегенін және оның прогрессивті типтегі, тұрақты ценопопуляция екенін айқындайды.

Екінші ценопопуляцияда шығыс – оңтүстік белдеуінен анықталды. Теңіз деңгейінен биіктігі 140 м. GPS навигатордың берілген координаты: N44°41'16.0", E 76°24'92.4" ш.б. алып жатыр. Жер бедері тегіс емес, қыратты аймақ болып есептеледі. Өсімдіктер жабыны жүзгін-ебелек-әртүрлі шөпті ассоциациядан тұрады. Өсімдіктер қауымдастығы 60% көмкерілгені байқалды. Топырағы құмды қиыршықты. Ценопопуляцияның алып жатқан жер көлемінің ұзындығы шамамен 350 – 400м, ал ені 35 – 50 м арасындағы аралықты алып жатыр.

Өсімдіктер жабыны 4 ярусты анық көрсете білді. Жалпы таралған өсімдіктер құрамы *Calligonum alatum*, *Descurainia sophia*, *Artemisia scoparia* Waldst. & Kit., *Artemisia songarica* Schrenk, *Cousinia dissecta* Kar. et Kir., *Onopordum acanthium* L. *Aristida heymannii* Regel, *Artemisia terrae-albae* Krasch., *Limonium gmelinii*, *Erodium cicutarium* (L.), *Ephedra distachya* L., *Diarthron vesiculosum* (Fisch. et Mey. ex Kar. et Kir) C.A. Mey. *Glycyrrhiza glabra* L., *Kochia scoparia* (L.) Schrad., *Goniolimon callicomum* (C.A. Mey.) Boiss. *Salsola orientalis* S.G. Gmel., *Nonea caspica* (Willd.) G. Don., *Helichrysum arenarium* (L.) Moench., *Ceratocarpus arenarius* өсімдіктері құрайды.

**1-кесте**

*Calligonum alatum* өсімдігінің бірінші ценопопуляциясының жастық спектрі

Кезең	Жастық жағдайлары	Ценопопуляция 1	
		Трансекта 1	Трансекта 2
Латентті (алғашқы тыныштық күйі) (Se)	Тұқым	-	-
	Өскіндер (P)	13	11
	Ювенильдік (J)	14	11
Виргинильді	Имматурлық (Im)	16	12
	Виргинильдік (V)	14	11
	Жас генеративтік (G1)	11	9
Репродуктивті	Толық жетілген генеративтік (G2)	11	9
	Қартайған генеративтік (G3)	2	1
	Субсенильдік (Ss)	1	2
Сенильді (қартайған, репродуктивті емес)	Сенильдік (Se)	1	1

I ярус – сүректі бұталы өсімдіктер қарына *Calligonum alatum*, *Ephedra distachya*, *Onopordum acanthium* L. енеді, биіктігі 100-120см.

II ярусқа жартылай бұталы сүректі өсімдіктер қатарына *Artemisia terrae-albae*, *Artemisia scoparia*, *Artemisia songarica*, *Kochia prostrata*, *Cousinia dissecta*, *Salsola orientalis*, *Kochia scoparia* 70-80 см.

III ярусқа *Glycyrrhiza glabra*, *Scorzonera tuberosa*, *Limonium gmelinii* *Descurainia sophia*, *Goniolimon callicomum*, *Artemisia scoparia*, *Salsola paulsenii*, *Helichrysum arenarium*, *Diarthron vesiculosum*, *Erodium cicutarium*, *Aristida heymannii* 40-60 см.

IV ярусқа *Nonea capsica*, *Ceratocarpus arenarius*, *Capsella bursa-pastoris*, *Erodium cicutarium* қатарына енеді, биіктігі 10-30 см.

Екінші популяцияның қауымдастық құрамын *Ceratocarpus arenarius* өсімдік түрлерінің кілемше секілді төселіп өсетіндігі байқалды. Субдоминант ретінде *Ceratocarpus arenarius* *Artemisia terrae-albae*, *Artemisia scoparia* байқалды, ал саны жағынан салыстырмалы түрде аз көрсеткіш көрсеткен *Nonea capsica* өсімдігі байқалды. Ценопопуляцияның құрылымынан *Calligonum alatum* өсімдігінің жастық спекторын анықтау барысында 10 x 10 м<sup>2</sup> көлемді аймақта бірінші трансекта салынды. Бірінші трансекта ішінен *Calligonum alatum* өсімдігінің 13 өскінін, 11 ювенильдік, 9 имматурлық, 8 виргинильдік, 11 жас генеративтік, 9 толық жетілген генеративтік, 2 қартайған генеративтік, 2 субсенильдік, 3 сенильдік, жастық күйінің көрсеткіштері анықталды (кесте

2). Бұл өте жоғары көрсеткіш екендігін көрсетті.

Екінші трансекта көлемінде *Calligonum alatum* популяциясының жастық құрылымы кешенді түрде бағаланды. Зерттеу нәтижесінде 11 өскін, 10 ювенильдік, 7 виргинильдік, 6 имматурлық, 7 жас генеративтік, 8 толық жетілген генеративтік, 3 қартайған генеративтік, 3 субсенильдік және 3 сенильдік дарақ анықталды (кесте 2). Алынған деректер популяцияның жастық спектрінің толық және біршама теңгерімді екендігін көрсетеді. Өскіндер, ювенильдік және виргинильдік дарақтардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі популяцияда табиғи жанару үдерісінің белсенді жүріп жатқанын және түрдің экологиялық жағдайларға бейімделу қабілетінің жоғары екенін дәлелдейді. Генеративтік жастағы дарақтардың едәуір саны популяцияның репродуктивтік әлеуетінің жоғары деңгейде сақталғанын, яғни тұқым арқылы көбею мүмкіндігінің жеткілікті екенін көрсетеді. Ал субсенильдік және сенильдік дарақтардың аз мөлшерде болуы популяцияда қартаю үдерісінің баяу жүретінін және жастық құрамының «жасартылған» типке жақын екенін сипаттайды.

Зерттеу екі трансектаны қамтып жүргізілді, олардың барысында зерттеу объектісінің даму қарқындылығы субсенильдік және сенильдік дарақтарда айтарлықтай төмендегені анықталды. Бірінші популяцияда жастық спектрді бағалау және сипаттау мақсатында Т.А. Работнов пен А.А. Уранов әдісі қолданылды, ол ценопопуляциядағы дарақтардың жас кезеңдерін сандық және сапалық түрде анықтауға мүмкіндік бере-

ді. Бұл әдіс өсімдіктерді өскіндік, ювенильдік, имматурлық, виргинильдік, генеративтік, субсенильдік және сенильдік жастық топтарға бө-

луге негізделген және әр топтың популяциядағы үлесін сандық көрсеткіштер арқылы бағалауға мүмкіндік береді.

## 2-кесте

Трансекта көлемінде *Calligonum alatum* өсімдігінің екінші ценопопуляциясының жастық спектрі

Кезең	Жастық жағдайлары	Ценопопуляция 2	
		Трансекта 1	Трансекта 2
Латентті (алғашқы тыныштық күйі) (Se)	Тұқым	-	-
	Өскіндер (P)	13	11
Виргинильді	Ювенильдік (J)	11	10
	Имматурлық (Im)	9	6
	Виргинильдік (V)	8	7
Репродуктивті	Жас генеративтік (G1)	11	7
	Толық жетілген генеративтік (G2)	9	8
	Қартайған генеративтік (G3)	2	3
Сенильді (қартайған, репродуктивті емес)	Субсенильдік (Ss)	2	3
	Сенильдік (Se)	3	3

Екінші ценопопуляция шеңберінде салынған екі трансектаның онтогенетикалық құрылымындағы айырмашылықтарды анықтау мақсатында Стьюденттің t-критерийі қолданылды. Әрбір трансекта бойынша онтогенетикалық жастық күйлерінің дарақтар саны сандық көрсеткіш ретінде нақты алынды, тәуелсіз екі таңдама ретінде қарастырылды. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, зерттеу объектісінің жас құрылымы кеңінен сипатталды: субсенильдік және сенильдік дарақтардың төмен

саны популяцияның қартаю кезеңінің шектеулі екенін, ал өскіндер мен ювенильдік дарақтардың басымдығы табиғи жаңару үдерісінің белсенді екенін көрсетті. Мұндай бағалау ценопопуляцияның даму динамикасын және экологиялық тұрақтылығын нақты анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында ценопопуляциялар арасындағы жастық құрылым көрсеткіштерінің айырмашылықтарын анықтау үшін Стьюдент t-критерийі қолданылды.

## 3-кесте

Ценопопуляциялардың жастық құрылым бойынша көрсеткіштері

Көрсеткіш	Ценопопуляция 1 (M ± m)	Ценопопуляция 2 (M ± m)	t	p	Маңыздылық
Жастық жағдайы	9,33 ± 1,85	7,78 ± 1,25	2,58	0,021	p < 0,05

Жүргізілген зерттеуде *Calligonum alatum* өсімдігінің өсу қарқындылығының сандық көрсеткіші бойынша айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы Стьюдент t-критерийі арқылы бағаланды. Белгіленген  $p < 0,05$  деңгейі статистикалық маңызды деп қабылданды. Ценопопуляция 1 мен ценопопуляция 2 арасындағы салыстырмалы талдау нәтижесінде статистикалық түрғыдан ( $t = 2,58$ ;  $p = 0,021$ ) айырмашылық

анықталды. Алынған p-мәні 0,05 маңыздылық деңгейінен төмен, ол екі ценопопуляцияның жастық құрылымының бірдей емес екенін және олардың өсу қарқындылығы аралығында айырмашылықтар орын алады (3 кесте).

Атап айтқанда, мұндай айырмашылық популяциялардың онтогенетикалық спектрінің қалыптасу ерекшеліктерімен, тіршілік ету ортасының экологиялық жағдайларымен және түр-

дің көбею стратегиясымен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, алынған нәтижелер ценопопуляциялардың кеңістіктік-экологиялық факторларға әртүрлі деңгейде бейімделгенін көрсетіп, олардың құрылымдық тұрақтылығы мен динамикасының аралығында ауытқулардың болуы анықталды.

Жалпы алғанда, зерттелген *Calligonum alatum* популяциясы геоботаникалық тұрғыдан тұрақты, өзін-өзі сақтауға және ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуға қабілетті, прогрессивті типтегі популяция ретінде бағаланады. Трансекта көлемінде *Calligonum alatum* популяциясының жастық құрылымы кешенді түрде бағаланды. Алынған деректер популяцияның жастық спектрінің толық және біршама теңгерімді екендігін көрсетеді. Өскіндер, ювенильдік және виргинильдік дарактардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі популяцияда табиғи жаңару үдерісінің белсенді жүріп жатқанын және түрдің экологиялық жағдайларға бейімделу қабілетінің жоғары екенін дәлелдейді. Генеративтік жастағы дарактардың едәуір саны популяцияның репродуктивтік әлеуетінің жоғары деңгейде сақталғанын, яғни тұқым арқылы көбею мүмкіндігінің жеткілікті екенін көрсетеді. Ал субсенильдік және сенильдік дарактардың аз мөлшерде болуы популяцияда қартаю үдерісінің баяу жүретінін және жастық құрамының жасару кезеңіне жақын екенін сипаттайды. Жалпы алғанда, зерттелген *Calligonum alatum* популяциясы геоботаникалық тұрғыдан тұрақты, өзін-өзі сақтауға және ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуға қабілетті, прогрессивті типтегі популяция ретінде бағаланады.

Шөлейтті амақтың *Calligonum alatum* сияқты ксерофит түрлердің құрғақшылыққа бейімделу қабілеті олардың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Мұндай өсімдіктер аридті орта жағдайында ылғал тапшылығына морфо-физиологиялық және анатомиялық бейімделулер арқылы төзімділік көрсетеді. Вегетативті мүшелері тамыр жүйесінің күшті дамуы арқылы топырақтың терең қабаттарындағы ылғалды сіңіру қабілеті жоғарылайды, ал жапырақтың редуцияланған формаға ауысуы транспирациялық судың жоғалуын азайтады, ол ортаға бейімділу деңгейінің төзімділігін ашып көрсетеді. Физиологиялық деңгейде зерттеу объектісінің клеткалық деңгейде осмореттегіш қосылыстардың жиналуы арқылы су тапшылығы жағдайында тургорлық қысымды сақтайды. Аталған өсім-

діктің ортаға бейімделуіне қатар ұзақ уақыттық құрғақшылық кезеңдеріне төзімділігін арттырады, шөл және шөлейт экожүйелерінде тіршілік етуіне мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер негізінде зерттеу жүргізілген сәтте *Calligonum alatum* популяциясының тұрақты күй белгілерінің бар екендігін констатациялауға болады. Сонымен қатар, популяция типін прогрессивті ретінде интерпретациялау және оның ұзақ мерзімді тұрақтылығы туралы қорытындылар вегетациялық маусым деректеріне негізделген.

Зерттеу нәтижесінде бірінші популяцияның дарактардың онтогенетикалық құрылымы талданды. Алынған мәліметтер популяцияның жастық спектрінде жас және виргинильді сатылардың басым екенін көрсетті.

*Calligonum alatum* өсімдігінің екі ценопопуляциясына трансекталар жүргізілді. Алынған нәтижелерге сәйкес, таралу ортасы Іле өзенінің жағалауына шамамен 500–700 м қашықтықта орналасқан, ал солтүстік-батыс бөлігінде ауылдық жерлерге су жеткізетін қолдан жасалған каналға 200–300 м жетпей орналасқандығы анықталды. Популяцияны онтогенездік құрылымы бойынша талдау барысында өскіннен бастап, барлық жастық сатылар кездесті: ювенильдік, имматурлық, виргинильдік, генеративтік және сенильдік. Өсімдіктің генеративтік мүшелері толық қалыптасқан, жыл сайынғы гүлдену процесі тұрақты байқалады, бұл жеміс беру қарқындылығының жоғары екенін дәлелдейді.

Дегенмен, зерттелген аймақ мал жайылатын аумаққа жататындықтан тікелей қауіптің барлығы байқалмаса да, келешекте популяцияның сандық көрсеткішінің төмендеуі мүмкін деп бағаланады. Таралу аймағының салыстырмалы түрде аз болуы да өсімдіктің тұрақтылығына белгілі бір шектеу қояды. Қауіптің негізгі факторының бірі, ол малдың жайылуы және антропогендік әсерлер. Сонымен қатар, рекреациялық белсенділік, мысалы, өрттің туындауы немесе демалушылардың іс-әрекеттері, популяцияның тез арада зақымдануына және жойылуына әкелуі ықтимал. Жайылымдық аймақта өскіндердің қалыптасуына және дамуына кедергі келуі мүмкін, бұл популяцияның санының азаюына әсер етуі ықтимал. Айта кету керек, *Calligonum alatum* өсімдігі ерекше экологиялық қасиетке ие, ол құмды бекіту функциясын атқарады. Қазіргі таңда құмның көшу процесі Қазақстанның экологиялық маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Осыған байланысты, осы түрдің өсімдігін сақтау және зерттеу мақсатында, өсу ортасының

климаттық жағдайы сәйкес келетін Балқаш ауданының орталығындағы Бақанас елді мекеніндегі Іле экспериментальдық ботаникалық бағында интродукцияға енгізу ұсынылады. Бұл шара популяцияның тұрақтылығын қамтамасыз етуге және құмды бекіту қызметін күшейтуге мүмкіндік береді.

### **Авторлардың үлесі**

*Мылтыкбаева А.Б.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің өсу ортасын анықтау, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, тұжырымдама жасау, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді редакциялау және толықтыру; Нурмаханова А.С.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің ортасын анықтау, бақылау, нәтижелерді тексеру, геоботаникалық талдау жүргізу, мәтінді редакциялау және толықтыру; Атабаева С.Д.: деректер қорымен жұмыстар жүргізу, нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау және толықтыру; Алдасугурова Ш.Ж.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің өсу ортасын анықтау, өсімдік түрін анықтау, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, Дюсебаева М.А.: өңдеу жұмыстарын жүргізу; Нармуратова М.К.: мәтінді редакциялау және толықтыру; Муратбаева А.С.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің таралу ортасын анықтау, әдістеме, өсімдік түрін анықтау; Турайлова Ш.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің өсу ортасын анықтау, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, өсімдік түрін анықтау; Ошақбай Ү.К.: геоботаникалық талдау жүргізу, нәтижелерді тексеру, өсімдік түрін анықтау.*

*гізу, мәтінді редакциялау және толықтыру; Атабаева С.Д.: деректер қорымен жұмыстар жүргізу, нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау және толықтыру; Алдасугурова Ш.Ж.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің өсу ортасын анықтау, өсімдік түрін анықтау, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, Дюсебаева М.А.: өңдеу жұмыстарын жүргізу; Нармуратова М.К.: мәтінді редакциялау және толықтыру; Муратбаева А.С.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің таралу ортасын анықтау, әдістеме, өсімдік түрін анықтау; Турайлова Ш.: геоботаникалық талдау жүргізу, өсімдіктің өсу ортасын анықтау, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, өсімдік түрін анықтау; Ошақбай Ү.К.: геоботаникалық талдау жүргізу, нәтижелерді тексеру, өсімдік түрін анықтау.*

### **Әдебиеттер**

- Abulude FO, Ogunkoya MO, Akinjagunla YS, Phytochemical Screening of Leaves and Stem of Cashew Tree (*Anacardium occidentale*), *EJEAF* Che, 9, 2010, 815-819 [https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=2843818&utm\\_source=chatgpt.com](https://www.scirp.org/reference/referencespapers?referenceid=2843818&utm_source=chatgpt.com)
- Alehaideb Z, AlGhamdi S, Yahya WB, et al. Anti-Proliferative and Pro-Apoptotic Effects of *Calligonum comosum* (L'Her.) Methanolic Extract in Human Triple-Negative MDA-MB-231 Breast Cancer Cells. *Journal of Evidence-Based Integrative Medicine*. 2020;25. doi:10.1177/2515690X20978391 <https://doi.org/10.1177/2515690X20978391>
- Arystangaliyev, S. A. (2013). Qazaqstan osimdikteri atalarynyn qazaqsha-orysssha-latynsha sozdigi [Kazakh–Russian–Latin dictionary of plant names of Kazakhstan]. Kokshetau. (in Kazakh);
- Bannour M, Lachenmeier DW, Straub I, Kohl-Himmelseher M, Khadhri A, Aschi-Smiti S, Kuballa T, Belgacem H. Evaluation of *Calligonum azel* Maire, a North African desert plant, for its nutritional potential as a sustainable food and feed. *Food Res Int*. 2016 Nov;89 <https://doi.org/10.1016/j.foodres.2016.09.004>
- Brys R., Jacquemyn H., Endels P., Hermy M., De Blust G. The relationship between reproductive success and demography structure in remnant populations of *Primula veris* // *Acta Oecologia*. – 2003. – №24. – P.247-253. <https://doi.org/10.1016/j.actao.2003.09.002>
- Cheruth, A.J., Al Naqbi, K.M.A., El-Kaabi, A.A.A.S. et al. In vitro antioxidant activities and screening of phytochemicals from methanolic and ethyl acetate extracts of *Calligonum comosum* L'Her. *Orient Pharm Exp Med* 16, 209–215 (2016). <https://doi.org/10.1007/s13596-016-0232-z>
- Golubev, V. N., & Molchanov, E. F. (1978). Metodicheskie ukazaniya k populyatsionno-kolichestvennomu i ekologo-biologicheskomu izucheniyu redkikh, ischezayushchikh i endemichnykh rastenii Kryma [Methodological guidelines for population-quantitative and ecological-biological study of rare, endangered and endemic plants of Crimea]. Yalta: Izdatel'stvo Nikitskogo botanicheskogo sada. (in Russian)
- Gurusamy DK, Saranya P, In vitro Antioxidant Potential of Ethanolic Contents of *Eclipta alba* and *Wedelia chinensis*, *Journal of Pharmacy Research*, 3, 2010, 2825-2827 <https://citeseerx.ist.psu.edu/document?doi=822c55487975520f1f2399c765c779855f336ffd>
- Iyustrirovannyi opredelitel' rastenii Kazakhstana [Illustrated guide to plants of Kazakhstan]. (1972). Alma-Ata: Nauka, KazSSR. Vol. 2, p. 125. (in Russian)
- Jacquemyn H., Brys R., Hermy M. Patch occupancy, population size and reproductive success of a forest herb (*Primula elatior*) in a fragmented landscape // *Oecologia*. – 2002 b. – №130. – P.617-625. <https://doi.org/10.1007/s00442-001-0833-0>
- Jacquemyn H., Brys R., Van Rossum F., Endels P., Triest L., De Blust G., Hermy M. Behoud van Zeldzame plantensoorten in kleine landschapselementen: sleutelbloemen als voorbeeldsoorten // *Natuur Focus*. – 2002 a. – №1. – P.19-24. [https://www.natuurpunt.be/publicaties/natuurfocus-2002-1-behoud-van-zeldzame-plantensoorten-in-kleine-landschapselementen?utm\\_source=chatgpt.com](https://www.natuurpunt.be/publicaties/natuurfocus-2002-1-behoud-van-zeldzame-plantensoorten-in-kleine-landschapselementen?utm_source=chatgpt.com)
- Jacquemyn H., Van Rossum F., Brys R., Endels P., Hermy M., Triest L., De Blust G. Effects of agricultural land use and fragmentation on genetics, demography and population persistence of the rare *Primula vulgaris*, and implications for conservation // *Belgian Journal of Botany*. – 2003. – №136. – P.2-22. <https://hdl.handle.net/10067/1461360151162165141>

Kery M., Matthies D., Spillmann H.H. Reduced fecundity and offspring performance in small populations of the declining grassland plants *Primula veris* and *Gentiana lutea* // *Journal of Ecology*. – 2000. – №88. – P.17-30. <https://doi.org/10.1046/j.1365-2745.2000.00422.x>

Liu XM, Zakaria MN, Islam MW, Radhakrishnan R, Ismail A, Chen HB, Chan K, Al-Attas A. Anti-inflammatory and anti-ulcer activity of *Calligonum comosum* in rats. *Fitoterapia*. 2001 Jun;72(5):487-91. doi: 10.1016/s0367-326x(01)00271-4. PMID: 11429240. [https://doi.org/10.1016/S0367-326X\(01\)00271-4](https://doi.org/10.1016/S0367-326X(01)00271-4)

Mao ZM, Pan BR. The classification and distribution of the genus *Calligonum* L. in China. *Acta Phytotaxonomica Sinica*. 1986;24(2):98–107. [https://www.jse.ac.cn/EN/Y1986/V24/I2/98?utm\\_source=chatgpt.com](https://www.jse.ac.cn/EN/Y1986/V24/I2/98?utm_source=chatgpt.com)

Pavlov, N. V. (1961). *Flora Kazakhstana*. Vol. 5. Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR. (in Russian)

Polevaya geobotanika [Field geobotany]. (1959–1976). Moscow–Leningrad: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR. Vols. 1, 3, 4, 5. (in Russian)

Rabotnov, T. A. (1960). Metody izucheniya semennogo vozobnovleniya travyanistykh rastenii v soobshchestvakh. In *Polevaya geobotanika* (Vol. 2, pp. 20–40). Moscow–Leningrad.

Rabotnov, T. A. (1978). Struktura i metody izucheniya tsenopopulyatsii mnogoletnikh travyanistykh rastenii. *Ekologiya*, 2, 5–13. (in Russian)

Ren, Jun & Tao, Ling & Liu, Xin-Min. (2002). Effect of sand burial depth on seed germination and seedling emergence of *Calligonum* L. species. *Journal of Arid Environments*. 51. 603–611. 10.1006/jare.2001.0979. <https://doi.org/10.1006/jare.2001.0979>

Senthilkumar P, Sudha S, Stella C, Antioxidant properties of methanolic extract of *Dictyota batresiana* from south east coast of India, *Journal of Pharmacy Research*, 3,2010, 2974-2976 <https://citeseerx.ist.psu.edu/document?doi=822c55487975520f1f2399c765c779855f336fffd>

Skvortsov, A. K. (1977). *Gerbarii: Posobie po metodike i tekhnike* [Herbarium: Manual of methods and techniques]. Moscow: Nauka. (in Russian)

Soliman S, Mohammad MG, El-Keblawy AA, Omar H, Abouleish M, Madkour M, et al. (2018) Mechanical and phytochemical protection mechanisms of *Calligonum comosum* in arid deserts. *PLoS ONE* 13(2): e0192576. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0192576>

Song F, Li T, Burgess KS, Feng Y, Ge XJ. Complete plastome sequencing resolves taxonomic relationships among species of *Calligonum* L. (Polygonaceae) in China. *BMC Plant Biol*. 2020 Jun 8;20(1):261. doi: 10.1186/s12870-020-02466-5. PMID: 32513105; PMCID: PMC7282103. <https://doi.org/10.1186/s12870-020-02466-5>

Uranov, A. A. (1967). Ontogenez i vozrastnoi sostav populyatsii. In *Ontogenez i vozrastnoi sostav populyatsii tsvetkovykh rastenii* (pp. 1–12). Moscow. (in Russian)

Vasila Sharipova, Nodira Rakhimova, Tashkhanim Rakhimova, Zhasur Sadinov Current state of mixed-*Calligonum* (*Calligonum* L.) type of pastures in North-Western Kyzylkum (Uzbekistan) E3S Web of Conf. Vol.537 (2024) Pp.15-<https://doi.org/10.1051/e3sconf/202453703002>

Yahia, Yassine & Bagues, Mohamed & Zaghdoud, Chokri & Al-Amri, S.M. & Nagaz, Kamel & Guerfel, Mokhtar. (2019). Phenolic profile, antioxidant capacity and antimicrobial activity of *Calligonum arich* L., desert endemic plant in Tunisia. *South African Journal of Botany*. 124. 414-419. 10.1016/j.sajb.2019.06.005. <https://doi.org/10.1016/j.sajb.2019.06.005>

Young A., Boyle T., Brown T. The population genetic consequences of habitat fragmentation for plants // *Trends in Ecology & Evolution*. – 1996. – Vol.11. – P. 413-418. [https://doi.org/10.1016/0169-5347\(96\)10045-8](https://doi.org/10.1016/0169-5347(96)10045-8)

Zhivotovskii, L. A. (2001). Ontogeneticheskoe sostoyanie, effektivnaya plotnost' i klassifikatsii populyatsii. *Ekologiya*, 1, 3–7. (in Russian)

Zlobin, Yu. A. (1989). *Printsipy i metody izucheniya tsenoticheskikh populyatsii rastenii* [Principles and methods of studying coenotic plant populations]. Kazan: Izdatel'stvo Kazanskogo gosudarstvennogo universiteta. (in Russian)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Мылтыкбаева Асия Байбековна – Геоботаника мамандығы бойынша 2-курс докторанты, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [assiya\\_t87@mail.ru](mailto:assiya_t87@mail.ru)).

Нурмаханова Акмарал Садыковна – PhD., қауым.профессор, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [aktmaral.nurmahanova@gmail.com](mailto:aktmaral.nurmahanova@gmail.com)).

Атабаева Сауле Джумагалиевна – б.ғ.д., профессор, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [sauleat@yandex.ru](mailto:sauleat@yandex.ru)).

Алдасугурова Шынарғұл Жакыповна – PhD., Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [aldasyurova.chinar.77@gmail.com](mailto:aldasyurova.chinar.77@gmail.com)).

Дюсебаева Мольдыр Акимжановна – х.ғ.к, қауым.профессор, Химия және химиялық технологиялар факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [Moldyr.Dyusebaeva@kaznu.edu.kz](mailto:Moldyr.Dyusebaeva@kaznu.edu.kz)).

Нармуратова Мейрамкуль Худретовна – б.ғ.к. қауым.профессор, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [Meuramkul.Narmuratova@kaznu.edu.kz](mailto:Meuramkul.Narmuratova@kaznu.edu.kz)).

Муратбаева Айтолқын Санибаевна – Геоботаника мамандығы бойынша 2-курс докторанты, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [Ms.moon16@mail.ru](mailto:Ms.moon16@mail.ru)).

Турайлова Шадийям Алимжановна – Геоботаника мамандығы бойынша 1-курс докторанты, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: shadiiyamt@gmail.com).

Ошақбай Үміт Кунтуғанқызы – Геоботаника мамандығы бойынша 1-курс докторанты, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: umitoshakbay@gmail.com).

**Information about the authors:**

Mylytkbaeva Assiya Baibekovna – 2nd-year PhD student in Geobotany, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: assiya\_m87@mail.ru).

Nurmakhanova Akmaral Sadykovna – PhD, Associate Professor, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akmaral.nurmahanova@gmail.com).

Atabayeva Saule Dzhumagalievna – Doctor of Biological Sciences, Professor, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sauleat@yandex.ru).

Aldasugurova Shynargul Zhakypovna – PhD, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aldasygyrova.chinar.77@gmail.com).

Dyusebayeva Moldyr Akimzhanovna – Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Faculty of Chemistry and Chemical Technology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Moldyr.Dyusebaeva@kaznu.edu.kz).

Narmuratova Meiramkul Khudretovna – Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Meyramkul.Narmuratova@kaznu.edu.kz).

Muratbayeva Aitolkyn Sandibayevna – 2nd-year PhD student in Geobotany, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Ms.moon16@mail.ru).

Turailova Shadiiyam Alimzhanovna – 1st-year PhD student in Geobotany, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: shadiiyamt@gmail.com).

Oshakbai Umit Kuntugankyzy – 1st-year PhD student in Geobotany, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: umitoshakbay@gmail.com).

**Сведения об авторах:**

Мылтыкбаева Асия Байбековна – докторант 2-курса по специальности «Геоботаника», факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: assiya\_m87@mail.ru).

Нурмаханова Акмарал Садыковна – PhD, ассоциированный профессор, факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akmaral.nurmahanova@gmail.com).

Атабаева Сауле Джумагалиевна – доктор биологических наук, профессор, факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: sauleat@yandex.ru).

Алдасугурова Шынаркуль Жакыпқызы – PhD, факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: aldasygyrova.chinar.77@gmail.com).

Дюсебаева Мольдыр Акимжановна – кандидат химических наук, ассоциированный профессор, факультет химии и химической технологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Moldyr.Dyusebaeva@kaznu.edu.kz).

Нармуратова Мейрамкуль Худретовна – кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Meyramkul.Narmuratova@kaznu.edu.kz).

Муратбаева Айтөлкын Сандибаевна – докторант 2-курса по специальности «Геоботаника», факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Ms.moon16@mail.ru).

Турайлова Шадийям Алимжановна – докторант 1-курса по специальности «Геоботаника», факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: shadiiyamt@gmail.com).

Ошақбай Үміт Кунтуғанқызы – докторант 1-курса по специальности «Геоботаника», факультет биологии и биотехнологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: umitoshakbay@gmail.com).

Келіп түсті: 12 желтоқсан 2025 жыл

Қайта жүктелді: 3 наурыз 2026 жыл

Қабылданды: 15 маусым 2026 жыл

IRSTI 34.29.25; 68.37.31; 29.31.26

<https://doi.org/10.26577/bb107220267>

R.M. Ualiyeva<sup>1\*</sup>, A.V. Osipova<sup>1</sup>, N.A. Diyanchuk<sup>1</sup>,  
M.M. Kaverina<sup>1</sup>, S.B. Zhangazin<sup>2</sup>, A.U. Tuyakbayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

\*e-mail: ualiyeva.r@gmail.com

## IDENTIFICATION OF BARLEY PHYTOPATHOLOGIES BASED ON SPECTRAL SIGNATURES OBTAINED VIA HYPERSPECTRAL IMAGING

The growing complexity of weed invasions has also contributed to the expansion of weed science as an interdisciplinary field integrating ecology, geography, and agricultural management (Shrestha et al., 2021). Similar trends in the expansion and management challenges of invasive weeds under climate change have been reported for agricultural ecosystems in other regions, highlighting the global relevance of spatially explicit monitoring approaches (Ionescu et al., 2023a, 2023b).

These findings underline the necessity of incorporating GIS-based distribution data into regional weed monitoring programs to improve early detection and management efficiency.

## Conclusion

GIS-based mapping of 30 georeferenced survey locations and 3258 collected weed specimens revealed clear differences in the distribution patterns of three major quarantine weeds in southern Kazakhstan. *Rhaponiticum repens* exhibited the broadest geographic distribution (13 sites), *Ambrosia artemisiifolia* produced the highest number of recorded specimens (1153), and *Cuscuta campestris* showed the highest local infestation intensity despite occurring at fewer locations.

The generated distribution maps identified several concentration zones associated with agricultural

landscapes, irrigated areas, roadside habitats, and other disturbed environments. The generated maps provide a baseline framework for future integration of environmental predictors, ecological niche modelling, and invasion-risk assessments.

More broadly, the findings contribute to understanding invasion dynamics in arid and semi-arid regions of Central Asia, where agroecosystems are particularly vulnerable to biological invasions. The methodological framework applied in this study can be extended to long-term monitoring programs and additional invasive species. Future research should integrate GIS-based mapping with ecological niche modeling and climate projections to improve invasion risk forecasting and support sustainable agricultural management in Kazakhstan.

## Funding

The study was funded by the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan within the framework of a targeted funding program BR22887230 “Development of an effective population management system for quarantine pests, with limited distribution in the Republic of Kazakhstan”.

## Author Contributions

*Khusnitdinova M.A.*: Conceptualization, Methodology, Investigation, Formal Analysis, Visualization, Writing – Original Draft; *Pozharskiy A.S.*: Investigation, Methodology, Resources, Data Curation, Writing – Original Draft; *Mendybayeva A.S.*: Investigation, Methodology, Resources, Data Curation; *Suleimanova G.A.*: Investigation, Methodology, Resources, Data Curation, Writing – Original Draft; *Kairova G.N.*: Supervision, Funding Acquisition, Project Administration, Resources, Formal Analysis, Writing – Review & Editing; *Sagitov A.O.*: Supervision, Funding Acquisition, Project Administration, Resources, Formal Analysis.

## References

- Bradley, B. A., Blumenthal, D. M., Early, R., Grosholz, E. D., Lawler, J. J., Miller, L. P., Sorte, C. J. B., D’Antonio, C. M., Diez, J. M., Dukes, J. S., Ibáñez, I., & Olden, J. D. (2011). Global change, global trade, and the next wave of plant invasions. *Frontiers in Ecology and the Environment*, 10(1), 20–28. <https://doi.org/10.1890/110145>
- Brainard, D. C., Haramoto, E. R., Leon, R. G., Kells, J. J., Van Wychen, L. R., Devkota, P., Jugulam, M., & Barney, J. N. (2023). A survey of weed research priorities: Key findings and future directions. *Weed Science*, 71, 330–343. <https://doi.org/10.1017/wsc.2023.24>
- Clements, D. R., & DiTommaso, A. (2012). Predicting weed invasion in Canada under climate change: Evaluating evolutionary potential. *Canadian Journal of Plant Science*, 92, 1013–1020. <https://doi.org/10.4141/CJPS2011-280>
- Di Castri, F. (1989). History of biological invasions with special emphasis on the Old World. In J. A. Drake, H. A. Mooney, F. Di Castri, R. H. Groves, M. Rejmánek, & M. Williamson (Eds.), *Biological invasions: A global perspective* (SCOPE, Vol. 37, pp. 1–26). Wiley.

- Early, R., Bradley, B. A., Dukes, J. S., et al. (2016). Global threats from invasive alien species in the twenty-first century and national response capacities. *Nature Communications*, 7, 12485. <https://doi.org/10.1038/ncomms12485>
- EPPO. (2026a). *Acroptilon repens* (CENRE). *EPPO Global Database*. <https://gd.eppo.int/taxon/CENRE>
- EPPO. (2026b). *Ambrosia artemisiifolia* (AMBEL). *EPPO Global Database*. <https://gd.eppo.int/taxon/AMBEL>
- Essl, F., Biró, K., Brandes, D., Broennimann, O., Bullock, J. M., Chapman, D. S., Chauvel, B., Dullinger, S., Fumanal, B., Guisan, A., et al. (2015). Biological Flora of the British Isles: *Ambrosia artemisiifolia*. *Journal of Ecology*, 103(4), 1069–1098. <https://doi.org/10.1111/1365-2745.12424>
- Gallardo, B., Bacher, S., Bradley, B., et al. (2023). InvasiBES: Understanding and managing the impacts of invasive alien species on biodiversity and ecosystem services. *NeoBiota*, 82, 1–25. <https://doi.org/10.3897/neobiota.50.35466>
- Gizachew, B., Solberg, S., Næsset, E., Gobakken, T., Bollandsås, O. M., Breidenbach, J., Zahabu, E., & Mauya, E. W. (2016). Mapping and estimating the total living biomass and carbon in low-biomass woodlands using Landsat 8 CDR data. *Carbon Balance and Management*, 11, 5. <https://doi.org/10.1186/s13021-016-0055-8>
- Ionescu, A., Mircea, C., Cujbescu, D., Vlăduț, N.-V., Persu, C., Lazăr, C., Utoiu, C., Lăcătușu, C., Blejan, R., & Savin, L. (2023a). Advanced approaches and sustainable practices for weed control. *AGRI-INMA – Sustainable Agriculture and Environmental Protection*, 2(1), 10–24.
- Ionescu, A., Cujbescu, D., Mircea, C., Vlăduț, N.-V., Persu, C., Lazăr, C., Utoiu, C., Lăcătușu, C., Blejan, R., & Atanasov, A. (2023b). Invasive weeds in agricultural ecosystems under climate change: Impact, management and restoration. *AGRI-INMA – Sustainable Agriculture and Environmental Protection*, 2(1), 25–42.
- Jacobs, J., & Denny, K. (2006). *Ecology and management of Russian knapweed* [*Acroptilon repens* (L.) DC.]. USDA Natural Resources Conservation Service, Invasive Species Technical Note No. MT-7. United States Department of Agriculture.
- Kairova, G. N., Suleimanova, G. A., Zholdasbek, G. Zh., Dulat, B., & Gritsenko, D. A. (2025). Effektivnost sovremennykh gerbitsidov protiv karantinnykh sornyakov v usloviyakh yugo-vostoka Kazakhstana [Effectiveness of modern herbicides against quarantine weeds in southeastern Kazakhstan]. *Izdenister Natigeler*, 3, 363–370. <https://doi.org/10.37884/3-2025/35> (in Russian).
- Kerimbek, N., Khusnitdinova, M., Taskuzhina, A., Kapytina, A., Pozharskiy, A., Sagitov, A., & Gritsenko, D. (2025). Mapping the distribution of viruses in wild apple populations in the southeast region of Kazakhstan. *Forests*, 16, 1119. <https://doi.org/10.3390/f16071119>
- Khusnitdinova, M. A., Kerimbek, N. M., Adilbayeva, K. S., Kapytina, A. I., Dulat, B., & Gritsenko, D. A. (2025). *Mapping of the distribution of viral phytopathogens of agricultural crops under the conditions of Kazakhstan*. Zhebe Publishing House. (In Russian)
- Khusnitdinova, M. A., Taskuzhina, A. K., Kapytina, A. I., & Nizamdinova, G. K. (2024). *Mapping of the NDVI vegetation index for identifying vegetation intensity in populations of wild Sievers apple (Malus sieversii) within the Zhongar-Alatau and Ile-Alatau State National Natural Parks*. Zhebe Publishing House. (In Russian)
- Lat Lon Tools. (2026). QGIS Plugins. <https://plugins.qgis.org/plugins/latlontools/#plugin-versions>
- Lemke, A., Kowarik, I., & von der Lippe, M. (2019). How traffic facilitates population expansion of invasive species along roads: The case of common ragweed in Germany. *Journal of Applied Ecology*, 56(2), 413–422. <https://doi.org/10.1111/1365-2664.13287>
- Liu, C., Wolter, C., Xian, W., & Jeschke, J. M. (2020). Species distribution models have limited spatial transferability for invasive species. *Ecology Letters*, 23, 1682–1692. <https://doi.org/10.1111/ele.13577>
- Pala, F., & Mennan, H. (2022). The status of non-chemical weed control in agriculture. In *Proceedings of the 11th International Conference on Applied Sciences (ANADOLU)* (pp. 968–976). Academy Global Publishing House.
- Parker, C. (2012). Parasitic weeds: A world challenge. *Weed Science*, 60(2), 269–276. <https://doi.org/10.1614/WS-D-11-00068.1>
- Parker, C. (2022). *Cuscuta campestris* (field dodder). *CABI Compendium*. <https://doi.org/10.1079/cabicompendium.17111>
- Peterson, A. T., Soberón, J., Pearson, R. G., Araújo, M. B., et al. (2011). Niches and geographic distributions. In *Ecological niches and geographic distributions*. Princeton University Press. <https://doi.org/10.23943/princeton/9780691136868.003.0003>
- Pyšek, P., Hulme, P. E., Simberloff, D., et al. (2020). Scientists' warning on invasive alien species. *Biological Reviews*, 95, 1511–1534. <https://doi.org/10.1111/brv.12627>
- QGIS Association. (2026). *QGIS Geographic Information System*. <https://www.qgis.org>
- Roy, H. E., Pauchard, A., Stoett, P. J., Renard Truong, T., Meyerson, L. A., Bacher, S., et al. (2024). Curbing the major and growing threats from invasive alien species is urgent and achievable. *Nature Ecology & Evolution*, 8(7), 1216–1223. <https://doi.org/10.1038/s41559-024-02412-w>
- Schaffner, U., Steinbach, S., Sun, Y., Skjøth, C. A., de Weger, L. A., Lommen, S. T. E., Augustinus, B. A., Bonini, M., Karrer, G., Šikoparija, B., et al. (2020). Biological weed control to relieve millions from Ambrosia allergies in Europe. *Nature Communications*, 11, 1745. <https://doi.org/10.1038/s41467-020-15586-1>
- Seebens, H., Bacher, S., Blackburn, T. M., et al. (2021). Projecting the continental accumulation of alien species through to 2050. *Global Change Biology*, 27, 970–982. <https://doi.org/10.1111/gcb.15333>
- Selvakumar, P., Rohini, A., Arun, M. R., & Manjunath, T. C. (2026). Restoration techniques to mitigate plant invasions under climate change. In S. Basharat (Ed.), *Impact of invasive grasses and plants on biodiversity* (pp. 137–164). IGI Global. <https://doi.org/10.4018/979-8-3693-8724-5.ch005>
- Shrestha, A., Anwar, M. P., Islam, A. K. M. M., Gurung, T., Dhakal, S., Tanveer, A., Javaid, M. M., Nadeem, M., & Ikram, N. A. (2021). Weed science as a new discipline and its status in some South Asian universities and colleges: Examples from Bangladesh, Bhutan, Nepal and Pakistan. *CAB Reviews*, 16, 017. <https://doi.org/10.1079/PAVSNNR202116017>
- Skálová, H., Guo, W.-Y., Wild, J., & Pyšek, P. (2017). *Ambrosia artemisiifolia* in the Czech Republic: History of invasion, current distribution and prediction of future spread. *Preslia*, 89, 1–16. <https://doi.org/10.23855/preslia.2017.001>
- Zimdahl, R. L., & Basinger, N. T. (2024). Weed science—The future. In R. L. Zimdahl & N. T. Basinger (Eds.), *Fundamentals of weed science* (6th ed., pp. 497–522). Academic Press. <https://doi.org/10.1016/B978-0-443-15723-3.00020-X>

**Information about authors:**

Marina Khusnitdinova (corresponding author) – PhD, Senior Researcher, Laboratory of Molecular Biology, Institute of Plant Biology and Biotechnology; Research Center AgriBioTech LLP (Almaty, Kazakhstan, e-mail: germironame@gmail.com).

Alexandr Pozharskiy – PhD, Senior Researcher, Laboratory of Molecular Biology, Institute of Plant Biology and Biotechnology; Research Center AgriBioTech LLP (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aspozharsky@gmail.com).

Aruzhan Mendybayeva – Laboratory Assistant, Laboratory of Molecular Biology, Institute of Plant Biology and Biotechnology; Research Center AgriBioTech LLP (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aruka0302@gmail.com).

Gulnur Suleimanova – PhD, Associate Professor, Department of Fruit and Vegetable Growing, Plant Protection and Quarantine, Kazakh National Agrarian Research University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnursuleimanova@kaznaru.edu.kz).

Gulshariya Kairova – Candidate of Agricultural Sciences, Associate Professor, Department of Fruit and Vegetable Growing, Plant Protection and Quarantine, Kazakh National Agrarian Research University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulshariya.kairova@kaznaru.edu.kz).

Abay Sagitov – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Biological Sciences, Professor, Laboratory of Molecular Biology, Institute of Plant Biology and Biotechnology; Research Center AgriBioTech LLP (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a\_sagitov@mail.ru).

**Авторлар туралы мәлімет:**

Марина Александровна Хуснитдинова (корреспонденттік автор) – PhD, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының молекулалық биология зертханасының аға ғылыми қызметкері, AgriBioTech ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС (Алматы, Қазақстан, e-mail: germironame@gmail.com).

Александр Сергеевич Пожарский – PhD, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының молекулалық биология зертханасының аға ғылыми қызметкері, AgriBioTech ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС (Алматы, Қазақстан, e-mail: aspozharsky@gmail.com).

Аружан Сайрановна Мендыбаева – Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының молекулалық биология зертханасының лаборанты, AgriBioTech ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС (Алматы, Қазақстан, e-mail: aruka0302@gmail.com).

Гүлнүр Алмасқызы Сүлейменова – PhD, қауымдастырылған профессор, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау және карантин кафедрасы (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnursuleimanova@kaznaru.edu.kz).

Гүлшария Нұрсапайқызы Каирова – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау және карантин кафедрасы (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulshariya.kairova@kaznaru.edu.kz).

Абай Оразұлы Сагитов – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының молекулалық биология зертханасы; AgriBioTech ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС (Алматы, Қазақстан, e-mail: a\_sagitov@mail.ru).

**Сведения об авторах:**

Марина Александровна Хуснитдинова (корреспондентный автор) – PhD, старший научный сотрудник лаборатории молекулярной биологии Института биологии и биотехнологии растений, ТОО «Научно-исследовательский центр AgriBioTech» (Алматы, Казахстан, e-mail: germironame@gmail.com).

Александр Сергеевич Пожарский – PhD, старший научный сотрудник лаборатории молекулярной биологии Института биологии и биотехнологии растений, ТОО «Научно-исследовательский центр AgriBioTech» (Алматы, Казахстан, e-mail: aspozharsky@gmail.com).

Аружан Сайрановна Мендыбаева – лаборант лаборатории молекулярной биологии Института биологии и биотехнологии растений, ТОО «Научно-исследовательский центр AgriBioTech» (Алматы, Казахстан, e-mail: aruka0302@gmail.com).

Гүлнүр Алмасовна Сүлейменова – PhD, доцент кафедры плодовоовощеводства, защиты и карантина растений, НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет» (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnursuleimanova@kaznaru.edu.kz).

Гүлшария Нұрсапайқызы Каирова – кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор кафедры плодовоовощеводства, защиты и карантина растений, НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет» (Алматы, Казахстан, e-mail: gulshariya.kairova@kaznaru.edu.kz).

Абай Оразович Сагитов – академик Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор биологических наук, профессор лаборатории молекулярной биологии Института биологии и биотехнологии растений, ТОО «Научно-исследовательский центр AgriBioTech» (Алматы, Казахстан, e-mail: a\_sagitov@mail.ru).

Received January 21, 2026

Accepted June 15, 2026

Ә.Н. Махамбетов<sup>1</sup> , Р.Т. Кенжебекова<sup>1</sup> , Б. Дулат<sup>1,2</sup> ,  
З.К. Даирбекова<sup>1</sup> , Д.А. Грищенко<sup>1,2</sup>  \*

<sup>1</sup>«Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты», Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>«AgriBioTech» зерттеу орталығы, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: d.kopytina@gmail.com

## ЭНТОМОПАТОГЕНДІ САҢЫРАУҚҰЛАҚ *BEAUVERIA BASSIANA*-НЫҢ *HALYOMORPHA HALYS*-ҚА ӘСЕРІ

*Halyomorpha halys* (қоңыр мәрмәр қандала) – жеміс, көкөніс және бау-бақша дақылдарына елеулі экономикалық зиян келтіретін инвазивті полифагиялық зиянкес. Түрдің жоғары көбею қабілеті, кең қоректік спектрі және әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделуі оның көптеген елдерде тез таралуына себеп болды. *Beauveria bassiana* энтомопатогенді саңырауқұлағы жоғары патогенділігі мен экологиялық қауіпсіздігіне байланысты зиянкестермен биологиялық күресте перспективалы агент болып табылады. Зерттеудің мақсаты *H. halys*-тің әртүрлі даму сатыларына қарсы *B. bassiana* жергілікті изолятының тиімділігін бағалау болды.

Зертханалық жағдайда жұмыртқалар, нимфалар және ересек дарақтар  $1 \times 10^5$ – $1 \times 10^8$  конидия/мл концентрацияларындағы конидиялық суспензиялармен өңделді. Өлім-жітім деңгейі, инфекцияның даму динамикасы,  $LT_{50}$  және  $LT_{90}$  көрсеткіштері, сондай-ақ саңырауқұлақтың сублетальді әсерлері зерттелді. Нәтижелер конидиялар концентрациясының жоғарылауымен өлім-жітім деңгейінің де артқанын көрсетті. Ең жоғары әсер  $1 \times 10^8$  конидия/мл концентрациясында байқалды: нимфалардың өлім-жітімі 98%-ға, ересек дарақтардың өлім-жітімі 95%-ға және жұмыртқалардың өлім-жітімі 74%-ға жетті. Сонымен қатар, ең жоғары концентрацияда  $LT_{50}$  көрсеткіші 3,7 тәулікті құрады, бұл жергілікті изоляттың жоғары вируленттілігін көрсетті. Сондай-ақ саңырауқұлақ әсерінен қоректену белсенділігінің төмендеуі, қозғалу қарқындылығының әлсіреуі және репродуктивтік көрсеткіштердің нашарлауы байқалды.

Алынған нәтижелер *Beauveria bassiana* жергілікті изолятының *Halyomorpha halys*-ке қарсы жоғары энтомопатогендік белсенділік көрсететінін және оны зиянкестермен күрестің интеграцияланған биологиялық бағдарламаларында қолдану перспективалы екенін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** *Halyomorpha halys*, *Beauveria bassiana*, энтомопатогенді саңырауқұлақтар, биологиялық бақылау, инвазивті зиянкестер, өлім-жітім.

A.N. Makhambetov<sup>1</sup>, R.T. Kenzhebekova<sup>1</sup>, B. Dulat<sup>1,2</sup>,  
Z.K. Dairbekova<sup>1</sup>, D.A. Gritsenko<sup>1,2\*</sup>

<sup>1</sup>Institute of Plant Biology and Biotechnology<sup>1</sup>, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>“AgriBioTech” Research Center, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: d.kopytina@gmail.com

### Effects of the entomopathogenic fungus *Beauveria bassiana* on *Halyomorpha halys*

*Halyomorpha halys* (brown marmorated stink bug) is an invasive polyphagous pest that causes significant economic damage to fruit, vegetable, and horticultural crops. The species' high reproductive capacity, broad range of host plants and adaptation to diverse climatic conditions have led to its rapid spread across many countries. The entomopathogenic fungus *Beauveria bassiana* is a promising biological pest control agent due to its high pathogenicity and environmental safety. The aim of this study was to evaluate the efficacy of a native isolate of *B. bassiana* against various stages of *H. halys*.

Under laboratory conditions, eggs, nymphs, and adults were treated with conidial suspensions at concentrations of  $1 \times 10^5$ – $1 \times 10^8$  conidia/ml. Mortality rates, infection dynamics,  $LT_{50}$  and  $LT_{90}$  values, and the sublethal effects of the fungus were studied. Results showed that mortality also increased with increasing conidia concentrations. The greatest effect was observed at a concentration of  $1 \times 10^8$  conidia/ml: nymph mortality reached 98%, adult mortality 95%, and egg mortality 74%. Furthermore, at the highest concentration, the  $LT_{50}$  index was 3.7 days, indicating the high virulence of the local isolate. The fungus also reduced feeding activity, decreased movement intensity, and impaired reproductive performance. These results demonstrate that the local isolate of *Beauveria bassiana* exhibits high en-

tomopathogenic activity against *Halyomorpha halys* and holds promise for use in integrated biological pest management programs.

**Keywords:** *Halyomorpha halys*, *Beauveria bassiana*, entomopathogenic fungi, biological control, invasive pest, mortality.

А.Н. Махамбетов<sup>1</sup>, Р.Т. Кенжебекова<sup>1</sup>, Б. Дулат<sup>1,2</sup>,  
З.К. Даирбекова<sup>1</sup>, Д.А. Гриценко<sup>1,2</sup> \*

<sup>1</sup> «Институт биологии и биотехнологии растений», Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> Научно-исследовательский центр «AgriBioTech», Алматы, Казахстан

\*e-mail: d.kopytina@gmail.com

### Влияние энтомопатогенного гриба *Beauveria bassiana* на *Halyomorpha halys*

*Halyomorpha halys* (коричневый мраморный клоп) – инвазивный полифагный вредитель, наносящий значительный экономический ущерб плодовым, овощным и садовым культурам. Высокая репродуктивная способность вида, широкий спектр питательных веществ и адаптация к различным климатическим условиям привели к его быстрому распространению во многих странах. Энтомопатогенный гриб *Beauveria bassiana* является перспективным агентом биологического контроля вредителей благодаря своей высокой патогенности и экологической безопасности. Целью исследования была оценка эффективности местного изолята *B. bassiana* против различных стадий развития *H. halys*.

В лабораторных условиях яйца, нимфы и взрослые особи обрабатывали суспензиями конидий в концентрациях  $1 \times 10^5$ – $1 \times 10^8$  конидий/мл. Изучали уровень смертности, динамику развития инфекции, показатели  $LT_{50}$  и  $LT_{90}$ , а также сублетальные эффекты гриба. Результаты показали, что уровень смертности также увеличивался с повышением концентрации конидий. Наибольший эффект наблюдался при концентрации  $1 \times 10^8$  конидий/мл: смертность нимф достигла 98%, смертность взрослых особей – 95%, а смертность яиц – 74%. Кроме того, при самой высокой концентрации индекс  $LT_{50}$  составил 3,7 дня, что указывает на высокую вирулентность местного изолята. Также под воздействием грибка наблюдалось снижение активности питания, ослабление интенсивности передвижения и ухудшение репродуктивных показателей. Полученные результаты доказывают, что местный изолят *Beauveria bassiana* обладает высокой энтомопатогенной активностью против *Halyomorpha halys* и перспективен для использования в программах интегрированной биологической борьбы с вредителями.

**Ключевые слова:** *Halyomorpha halys*, *Beauveria bassiana*, энтомопатогенные грибы, биологический контроль, инвазивный вредитель, смертность.

### Кіріспе

Қоңыр мәрмәр қандаласы – *Halyomorpha halys* (Stål, 1855) (Hemiptera: Pentatomidae) – әлемдегі ең қауіпті инвазиялық ауыл шаруашылығы зиянкестерінің бірі болып саналады. Шығыс Азиядан, атап айтқанда Қытай, Жапония, Корея және Тайвань аумақтарынан таралған бұл түр соңғы онжылдықтарда Солтүстік Америкаға, Еуропаға және Батыс пен Орталық Азияның бірқатар өңірлеріне жылдам таралды (Leskey et al., 2022; Beus et al., 2024; Luo et al., 2025).

*H. halys* түрінің инвазиялық табыстылығы оның жоғары экологиялық бейімділігімен, күшті таралу қабілетімен, қоректік өсімдіктерінің кең ауқымымен және жоғары көбею әлеуетімен түсіндіріледі. Бұл зиянкес полифаг болып табылады және 300-ден астам өсімдік түрімен қоректенеді, олардың қатарына экономикалық

маңызы зор жеміс-жидек, көкөніс, сәндік және егістік дақылдар кіреді (Beus et al., 2024).

*H. halys*-тің келтіретін елеулі зияны алма, алмұрт, шабдалы, фундук, қызанақ, соя, жүгері және жүзім дақылдарын өсіру жүйелерінде тіркелген. Қандаланың қоректенуі нәтижесінде өсімдік ұлпаларының некрозы, жемістердің деформациялануы, түсінің өзгеруі, мерзімінен бұрын түсуі байқалады, сондай-ақ өнімнің сапасы мен нарықтық құндылығы айтарлықтай төмендейді (Lee et al., 2013; Tassini & Mifsud, 2019; Keszthelyi et al., 2022; Fluch et al., 2024).

*H. halys* инвазиясымен байланысты экономикалық шығындар әлемнің көптеген елдерінің ауыл шаруашылығы жүйелері үшін маңызды мәселеге айналды. Бұл полифаг зиянкес Солтүстік Америка мен Еуропаға енгеннен кейін жеміс бақтарына, көкөніс дақылдарына және жаңғақ өндірісіне айтарлықтай зиян келтірді. АҚШ-та *H. halys*-тің жаппай таралуы әсіресе Орта Атлант

аймағында тіркеліп, алма мен шабдалы өндірісіне елеулі қауіп төндірді (Leskey et al., 2022). Тек 2010 жылдың өзінде алма бақтарындағы шығын көлемі 37 миллион АҚШ долларынан асып түсті, ал сүйекті жеміс өсірушілердің кейбірі зиянкес келтірген қарқынды зақымданулар салдарынан өнімнің 80–90%-ын жоғалтқанын хабарлады. *H. halys*-тің қоректенуі нәтижесінде жеміс бетінде ойықтар мен тесіктер пайда болады, некроздық зақымданулар дамиды, жемістер деформацияланып, ішкі ұлпалары бүлінеді және мерзімінен бұрын түсіп қалады. Бұл өз кезегінде өнім көлемі мен оның нарықтық сапасының айтарлықтай төмендеуіне әкеледі (Gokturk, 2024; Herrick, 2011; Keszthelyi et al., 2022; Leskey et al., 2022). *H. halys*-тің Еуропа мен Кавказ өңірлерінде жылдам таралуы оның экономикалық маңызын одан әрі арттырды. Қазіргі уақытта зиянкес Италия, Швейцария, Германия, Грузия, Түркия және басқа да бірқатар Еуропа елдерінде тұрақты популяциялар қалыптастырып, жеміс-жидек және жаңғақ өндіру жүйелеріне елеулі қауіп төндіруде. Әсіресе фундук плантацияларында келтірілген зиян өте жоғары деңгейде тіркелген, себебі қандаланың қоректенуі жаңғақ дәнінің сапасын төмендетіп, оның нарықтық құнын айтарлықтай азайтады. Әлемдегі жетекші фундук өндіруші елдердің бірі болып саналатын Грузияда бұл зиянкес 2016–2018 жылдары жаппай таралып, елдегі фундук өнімінің шамамен үштен бір бөлігінің жоғалуына себеп болған. Грузиядағы *H. halys* инвазиясынан туындайтын жыл сайынғы экономикалық шығын көлемі 60 миллион еуроға дейін жетеді деп бағаланады (Bosco & Moraglio, 2018; Gokturk, 2024; Hays et al., 2015; Joseph et al., 2014; Rice et al., 2014).

Осындай экономикалық мәселелер әлемдегі ең ірі фундук өндіруші ел болып саналатын Түркияда да байқалуда. *H. halys* Шығыс Қара теңіз аймағына енгеннен кейін зиянкеспен қатты зақымданған аумақтарда фундук өнімділігі мен сапасының айтарлықтай төмендеуі тіркелді. Өңірлік бағалаулар бойынша, бұл зиянкес фундук өндірісінде миллиондаған доллар көлемінде шығын келтірген, ал оның популяциясы одан әрі өсе беретін болса, болашақтағы экономикалық шығындар 1 миллиард АҚШ долларынан асып кетуі мүмкін деп болжануда (Gokturk, 2024). Фундуктан басқа, *H. halys* зақымданған өңірлерде алма, алмұрт, шабдалы, жүзім, қызанақ, жүгері және соя дақылдарының да маңызды зиянкесіне айналды (Leskey et al., 2022; Keszthelyi et al., 2022; Rice et al., 2014).

Қазіргі уақытта *H. halys* популяциясын бақылаудың негізгі тәсілі ретінде химиялық инсектицидтер қолданылады. Алайда пестицидтерді қарқынды пайдалану бірқатар маңызды шектеулерге ие. Олардың қатарына зиянкестердің инсектицидтерге төзімділігінің қалыптасуы, пайдалы организмдерге кері әсері, қоршаған ортаның ластануы және адам денсаулығына төнетін қауіптер жатады. Сонымен қатар, химиялық препараттарды бірнеше рет қолдану зиянкестермен күрестің интеграцияланған жүйелерінің тиімділігін төмендетіп, агроэкожүйелердегі биоалуантүрліліктің азаюына әкелуі мүмкін (Chandler et al., 2011; Keszthelyi et al., 2022; Leskey et al., 2022; Rice et al., 2014; Ribeiro et al., 2021; Zhou et al., 2024; Li et al., 2025).

Осы шектеулер *H. halys* зиянкесіне қарсы күрестің экологиялық қауіпсіз әрі тұрақты балама әдістерін әзірлеудің өзектілігін айқындайды. *H. halys*-тің экономикалық зиянының артуы, оның географиялық таралу аймағының жылдам кеңеюі және қоректік өсімдіктерінің кең спектрі бұл зиянкесті басқарудың тиімді әрі экологиялық тұрғыдан тұрақты стратегияларын әзірлеудің аса қажеттілігін көрсетеді.

Биологиялық күрес әдістерінің ішінде энтомопатогенді саңырауқұлақтар жәндіктер зиянкестерінің кең ауқымын зақымдап, жою қабілетіне байланысты ерекше қызығушылық тудырады (Ahmad et al., 2012; Wang et al., 2016; Litwin et al., 2020). *Beauveria*, *Metarhizium*, *Isaria* және *Cordyceps* туыстарына жататын түрлер энтомопатогенді саңырауқұлақтардың ең жан-жақты зерттелген биологиялық агенттері болып табылады (Wang et al., 2016). Бұл энтомопатогенді саңырауқұлақтар жәндіктердің ағзасына ас қорыту жолы арқылы емес, олардың кутикуласын тікелей тесіп өту арқылы ене алады. Сондықтан олар шаншып-сорғыш және сорғыш зиянкестерге қарсы күресте аса перспективалы құрал ретінде қарастырылады (Litwin et al., 2020).

Жоғары инсектицидтік белсенділігі, иелерінің кең ауқымы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігі арқасында энтомопатогенді саңырауқұлақтар өсімдіктерді интеграцияланған қорғау жүйелерінің маңызды құрамдас бөлігі және зиянкестермен күрестің экологиялық тұрақты технологияларының тиімді құралы ретінде кеңінен мойындалған (Chandler et al., 2011; Sharma et al., 2023).

Осы саңырауқұлақтардың ішінде *Beauveria bassiana* жәндіктер зиянкестеріне қарсы қолданылатын ең перспективалы микробтық агенттердің бірі болып саналады (Litwin et al., 2020;

Ortiz-Urquiza & Keyhani, 2013). *B. bassiana* инфекциялық үдерісті конидиялардың жәндіктің кутикуласына жабысуынан бастайды. Одан кейін конидиялар өніп, кутикула арқылы еніп, гемцельді колонизациялайды. Саңырауқұлақтың токсиндер бөлуі мен мицелийінің дамуы нәтижесінде иесінің өліміне әкеледі (Altinok et al., 2019; Wang et al., 2021; Liu et al., 2023). Жәндік өлгеннен кейін оның денесінің бетінде саңырауқұлақтың спора түзуі жүреді, бұл патогеннің әрі қарай таралуына мүмкіндік береді (Altinok et al., 2019). Кең иелер спектрі, экологиялық қауіпсіздігі және зиянкестермен күрестің интеграцияланған жүйелерімен үйлесімділігі арқасында *B. bassiana* коммерциялық микоинсектицидтердің және биологиялық күрес бағдарламаларының құрамында кеңінен қолданылады (Chandler et al., 2011).

Бірқатар зерттеулер энтомопатогенді саңырауқұлақтардың *H. halys*-ке қарсы зертханалық және далалық жағдайларда жоғары патогендік белсенділік көрсететінін дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері бұл зиянкестің имаголары мен нимфаларының саңырауқұлақ инфекцияларына жоғары сезімталдық танытатынын көрсетті (Gouli et al., 2012; Tozlu et al., 2019). Кейінгі зерттеулерде конидиялар концентрациясының артуы және әсер ету уақытының ұзаруы өлім-жітім деңгейінің жоғарылауына ықпал ететіні анықталды (Parker et al., 2015).

Сонымен қатар, *B. bassiana*-ның әртүрлі изоляттары *H. halys*-ке қатысты патогенділігі бойынша ерекшеленетіндігі анықталған. Бұл биологиялық күрестің тиімділігін арттыру үшін жоғары вирулентті изоляттарды іріктеудің маңыздылығын көрсетеді. Кейбір *B. bassiana* изоляттары конидиялардың жоғары концентрациясында және жеткілікті әсер ету уақытында *H. halys* нимфалары мен ересек дарақтарының 90–100%-ға дейін өліміне себеп болған (Tozlu et al., 2019).

*Beauveria* негізіндегі препараттармен жұмыртқаларды өңдеу олардың шығу көрсеткішін төмендетіп, жаңадан шыққан нимфалардың өлім-жітімін арттыратыны көрсетілген (Tozlu et al., 2019). Зерттеулер  $10^6$ – $10^8$  конидия/мл концентрациясындағы конидиялық суспензиялардың әсерінен екінші жастағы нимфалар мен ересек дарақтар арасында жоғары өлім деңгейі байқалғанын көрсетті. Сонымен қатар, саңырауқұлақтардың вируленттілігін бағалау және әртүрлі изоляттардың тиімділігін салыстыру үшін  $LT_{50}$  (дарақтардың 50%-ының өліміне дейінгі уақыт) және  $LT_{90}$  (дарақтардың 90%-ының өліміне дейінгі уақыт)

көрсеткіштері кеңінен қолданылады (Özdemir et al., 2022; Parker et al., 2015).

*H. halys*-ке қарсы саңырауқұлақтарға негізделген биологиялық күрес стратегияларын дамыту бағытында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгеніне қарамастан, бірқатар маңызды мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Атап айтқанда, *H. halys*-тің энтомопатогенді саңырауқұлақтарға сезімталдығы жөнінде мәліметтер бар болғанымен, жұмыртқа, нимфа және ересек дарақ сатыларының салыстырмалы сезімталдығы, сондай-ақ олардың инфекцияға жауап беру ерекшеліктері туралы деректер әлі де шектеулі.

Сонымен қатар, *B. bassiana*-ның әртүрлі изоляттарының инфекциялық үдерісінің динамикасы, саңырауқұлақтың иесі ағзасын колонизациялауының микроскопиялық ерекшеліктері және конидия концентрациясына тәуелді өлім-жітім көрсеткіштері туралы ақпарат шектеулі болып отыр. Бұл ғылыми олқылықтар энтомопатогенді саңырауқұлақтарды қолдану технологияларын жетілдіруге және олардың тиімділігін барынша арттыруға кедергі келтіреді. Сондықтан *H. halys*-тің әртүрлі даму сатыларына қатысты *B. bassiana*-ның әсер ету ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу биологиялық күрес құралдарын оңтайландыру үшін маңызды ғылыми және практикалық мәнге ие.

Осы зерттеудің ғылыми жаңалығы Алматы облысының жеміс агроценоздарынан бөлініп алынған *Beauveria bassiana*-ның жергілікті изолятының *Halyomorpha halys*-тің әртүрлі даму сатыларына (жұмыртқа, нимфа және имаго) әсерін кешенді бағалаумен байланысты. Зерттеу барысында алғаш рет жергілікті изоляттың концентрацияға тәуелді летальді әсері,  $LT_{50}$  және  $LT_{90}$  көрсеткіштері, сондай-ақ зиянкестің қоректену белсенділігіне, қозғалу қабілетіне және репродуктивтік әлеуетіне әсер ететін сублетальді әсерлері анықталды. Алынған нәтижелер Қазақстан жағдайында *H. halys*-ке қарсы биологиялық күрес жүйелерін әзірлеу үшін ғылыми негіз қалыптастырады.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

*Жәндіктерді жинау және зертханалық жағдайда ұстау*

*Halyomorpha halys* түрінің ересек дарақтары мен жетілмеген даму сатылары вегетациялық кезең барысында жеміс бақтары мен ауыл шаруашылығы алқаптарынан жиналды. Жәндіктер

алма, қызанақ және бұршақ тұқымдас өсімдіктер сияқты қоректік өсімдіктерден бұрын сипатталған әдістемелерге сәйкес қолмен жиналды (Leskey et al., 2022; Murvanidze et al., 2018; Rice et al., 2014). Зертханалық тәжірибелерге тек ауру немесе зақымдану белгілері байқалмайтын, белсенді әрі сау дарактар іріктеліп алынды.

Жиналған жәндіктер зертханаға жеткізіліп, температурасы 23–25°C, салыстырмалы ылғалдылығы 65–80% және жарық/қараңғылық режимі 16:8 сағат болатын бақыланатын жағдайларда желдетілетін пластик контейнерлерде ұсталды. Қорек ретінде жаңа жасыл үрме бұршақ (*Phaseolus vulgaris*), сәбіз (*Daucus carota*) және күнбағыс тұқымдары (*Helianthus annuus*) пайдаланылды. Қоректің сапасын және оңтайлы ылғалдылық жағдайын сақтау мақсатында азық әр 2–3 күн сайын жаңартылып отырды (сурет 1).

Зерттеулерде *H. halys*-тің әртүрлі даму сатыларының сезімталдығын салыстыру үшін жү-


мыртқа салымдары, екінші жастағы нимфалар және ересек дарактар қолданылды.

*Саңырауқұлақ изоляттары және өсіру жағдайлары*

Зерттеуде биологиялық күрес агенті ретінде энтомопатогенді *Beauveria bassiana* саңырауқұлағы қолданылды. Эксперименттер үшін Алматы облысының жеміс агроценоздарынан жиналған топырақ үлгілерінен бөлініп алынған *Beauveria bassiana*-ның жергілікті изоляты пайдаланылды. Изолят қоректік ортаға бірнеше рет қайта егу арқылы тазартылып, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының молекулалық биология зертханасының коллекциясында сақталды. Саңырауқұлақ изоляттары картоп-декстроза агары (Potato Dextrose Agar, PDA) қоректік ортасында өсіріліп, мол мөлшерде конидиялар түзілгенге дейін  $25 \pm 1^\circ\text{C}$  температурада 7–14 тәулік бойы инкубацияланды (1-сурет).

### 1-сурет

*Beauveria bassiana* саңырауқұлағымен *Halyomorpha halys* жұқтыру және инфекциялық процестің даму схемасы



Конидиялар саңырауқұлақ колонияларының бетін 0,02% Tween 20 қосылған стерильді дистилденген сумен шаю арқылы жиналды. Алынған суспензия мицелий фрагменттерін жою мақсатында стерильді дәке арқылы сүзілді. Конидиялық суспензиялар қажетті концентрацияларға стерильді дистилденген сумен бірізді сұйылту әдісі арқылы дайындалды. Конидиялардың тіршілікке қабілеттілігі мен концентрациясы Петри табақшаларындағы PDA ортасына әртүрлі сұйылтуларды себу арқылы колония түзуші бірліктерді (Colony Forming Units, CFU) есептеу әдісімен қосымша тексерілді. Биосынақтар жүргізу үшін конидиялардың төрт концентрациясы дайындалды:  $1 \times 10^5$  конидия/мл,  $1 \times 10^6$  конидия/мл,  $1 \times 10^7$  конидия/мл және  $1 \times 10^8$  конидия/мл. Бақылау нұсқасы ретінде құрамында 0,02% Tween 20 бар стерильді дистилденген су пайдаланылды.

Тәжірибе басталар алдында конидиялардың өну қабілеті мен өміршеңдігі бағаланды. Ол үшін  $1 \times 10^4$  конидия/мл концентрациялы суспензия PDA қоректік ортасы құйылған Петри табақшаларына егілді және 25°C температурада 24 сағат бойы инкубацияланды. Өну пайызы микроскопиялық әдіспен анықталды. Егер өскін түтігінің ұзындығы конидия ұзындығының жартысынан асса, мұндай конидиялар өнген деп есептелді.

#### Тәжірибе сызбасы

*B. bassiana* саңырауқұлағының патогендік белсенділігі зертханалық жағдайда *H. halys*-тің жұмыртқаларына, екінші жастағы нимфаларына және ересек дарақтарына қатысты бағаланды. Әрбір даму сатысы қолданылған саңырауқұлақ конидияларының концентрациясына сәйкес тәжірибелік топтарға бөлінді.

Нимфалар мен ересек дарақтарға арналған биосынақтарда әр топқа бес жәндіктен орналастырылды. Жәндіктер ылғалдандырылған сүзгі қағазы мен жаңа қорек салынған стерильді пластик контейнерлерде ұсталды. Әрбір тәжірибелік нұсқа бес қайталымда жүргізілді, ал бүкіл тәжірибе тәуелсіз түрде үш рет қайталанды.

Құрамында 10–30 жұмыртқасы бар жұмыртқа салымдары жеке-жеке ылғал сүзгі қағазымен қапталған Петри табақшаларына орналастырылды. Жұмыртқаларды өңдеу рәсімі *H. halys* жұмыртқаларына қарсы энтомопатогенді саңырауқұлақтарды қолдану бойынша бұрын сипатталған әдістемелерге сәйкес жүргізілді.

#### Саңырауқұлақ суспензияларын қолдану

Саңырауқұлақтың конидиялық суспензиялары жәндіктердің дене бетіне конидиялардың

біркелкі түсуін қамтамасыз ету мақсатында қол біріккіштің көмегімен қолданылды. Әрбір тәжірибелік нұсқаға шамамен 1–2 мл конидиялық суспензия шашылды.

Инокуляциядан кейін өңделген жәндіктер температурасы  $25 \pm 1$  °C, салыстырмалы ылғалдылығы 70–85% және жарық/қараңғылық режимі 16:8 сағат болатын бақыланатын жағдайларда ұсталды. Бұл жағдайлар саңырауқұлақтың дамуы мен инфекциялық процестің жүруіне қолайлы орта қалыптастыру үшін сақталды.

#### Өлім-жітімді бағалау және микозды растау

*H. halys* дарақтарының өлім-жітімі саңырауқұлақ суспензиясы қолданылғаннан кейін қатарынан 11–12 күн бойы күн сайын тіркелді. Екінші реттік инфекциялардың дамуын болдырмау мақсатында өлген жәндіктер дереу тәжірибеден алынып отырды.

Саңырауқұлақ инфекциясын растау үшін өлген жәндіктердің денелері алдымен кезекпен 70% этил спиртіне, стерильді дистилденген суға және 1% натрий гипохлориті ерітіндісіне батырылып, кейіннен стерильді сумен шайылды. Беткі стерилизациядан өткен үлгілер ылғалдандырылған стерильді Петри табақшаларына орналастырылып, саңырауқұлақтың өсуі мен спора түзуін қамтамасыз ету үшін 5 тәулік бойы инкубацияланды.

Жәндік денесінің бетінде микоз белгілерінің дамуы визуалды түрде бағаланып, стереомикроскоп көмегімен фотосуретке түсірілді. *B. bassiana* инфекциясының нәтижесінде пайда болған саңырауқұлақтың колонизациясы мен спора түзуі өлімнің осы патоген әсерінен болғанын растаудың негізгі көрсеткіштері ретінде пайдаланылды.

#### LT<sub>50</sub> және LT<sub>90</sub> көрсеткіштерін анықтау

*H. halys*-тің әртүрлі даму сатыларына қатысты *B. bassiana* вируленттілігін бағалау үшін медианалық летальды уақыт (LT<sub>50</sub>) және LT<sub>90</sub> көрсеткіштері есептелді. Өлім-жітім деректерін талдау логарифмдік-пробиттік модельге негізделген пробит-талдау әдісі арқылы жүргізілді. LT<sub>50</sub> және LT<sub>90</sub> мәндері бұрын жарияланған әдістемелерге сәйкес есептелді (Gouli et al., 2012; Tozlu et al., 2019; Özdemir et al., 2022).

Қолданылған конидиялардың орташа өміршеңдігі  $94,3 \pm 2,1\%$  құрады, бұл биосынақтарда қолданылатын энтомопатогенді саңырауқұлақтарға қойылатын талаптарға сәйкес келді.

#### Қоректену белсенділігін талдау

Қоректену белсенділігін бағалау үшін әр тәжірибелік нұсқада тірі қалған 10 ересек дарақ

пайдаланылды. Тәжірибе үш тәуелсіз қайталымда жүргізілді. Жәндіктер жеке пластикалық контейнерлерге орналастырылып, оларға алдын ала өлшенген және фотосуретке түсірілген жаңа өсімдік материалы берілді. 24 сағат өткеннен кейін қорек қалдықтары қайта өлшенді және зақымданған жапырақ немесе жеміс бетінің ауданы ImageJ бағдарламасының көмегімен анықталды. Қоректену қарқындылығы тұтынылған қорек массасының азаюы ( $\rho$ ) және зақымданған бет ауданының өзгеруі ( $\text{cm}^2$ ) бойынша бағаланды. Барлық көрсеткіштер өңделмеген бақылау тобымен салыстырылды.

#### *Репродуктивтік көрсеткіштерді талдау*

Репродуктивтік белсенділікті бағалау үшін әр тәжірибелік топта 10 аналық және 10 аталық *Halyomorpha halys* дарағы пайдаланылды. Тәжірибе үш тәуелсіз қайталымда жүргізілді. Жұптар жеке контейнерлерде ұсталып, 14 тәулік бойы бақылауға алынды. Бір аналыққа шаққандағы жұмыртқа саны, жұмыртқа салу жиілігі және жұмыртқалардың шығу пайызы есептелді. Жұмыртқа салымдары күн сайын жиналып, дернәсілдердің шығу көрсеткіші анықталды. Алынған нәтижелер бақылау тобымен салыстырылды.

#### *Сублетальді әсерлерді бағалау*

*B. bassiana* инфекциясының сублетальді әсерлері жәндіктердің қозғалу белсенділігіне, қоректену мінез-құлқына және репродуктивтік көрсеткіштеріне қарай бағаланды. Қозғалу белсенділігі әр дарақты 10 минут бойы бақылау арқылы анықталды. Осы уақыт ішінде жүріп өткен қашықтық, қозғалыс ұзақтығы және қозғалыс актілерінің саны тіркелді. Мінез-құлықтық өзгерістер визуалды бақылау әдісімен бағаланып, енжарлық, қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы, қоректенуден бас тарту және сыртқы тітіркендіргіштерге реакцияның төмендеуі сияқты белгілер есепке алынды. Әр тәжірибелік топта 10 тірі қалған дарақ зерттелді. Тәжірибе үш тәуелсіз қайталымда жүргізілді. Барлық бақылаулар өңдеуден кейінгі 3, 5 және 7 тәуліктерде жүргізілді.

#### *Статистикалық талдау*

Статистикалық өңдеу Python бағдарламалау ортасының 3.11-нұсқасын пайдалану арқылы жүргізілді. Егер бақылау тобындағы өлім-жітім деңгейі 5%-дан асқан жағдайда, тәжірибелік топтардың өлім көрсеткіштері Abbott формуласы бойынша түзетілді (Abbott, 1925). Деректерді талдауға дейін олардың қалыпты таралу заңдылығына сәйкестігі тексерілді. Тәжірибелік

топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін бір факторлы дисперсиялық талдау (ANOVA) қолданылып, кейіннен айырмашылықтардың нақтылығын бағалау мақсатында Tukey HSD пост-хок тесті жүргізілді. Статистикалық маңыздылық деңгейі  $p < 0,05$  деп қабылданды (Tukey, 1949).

Тіршілік ету ұзақтығын талдау және  $LT_{50}$  мен  $LT_{90}$  көрсеткіштерін есептеу Python бағдарламасының *lifelines* және *statsmodels* кітапханаларының көмегімен жүзеге асырылды (Davidson-Pilon, 2024; Perktold et al., 2024).

#### **Зерттеу нәтижелері және оларды талдау**

*Beauveria bassiana* саңырауқұлағының *Halyomorpha halys*-ке қарсы патогендік белсенділігі жәндіктің даму сатысына және конидиялар концентрациясына байланысты өзгерді. Барлық тәжірибелік топтарда саңырауқұлақ концентрациясының жоғарылауымен бірге өлім-жітім деңгейі айтарлықтай артты.

*H. halys* өлім-жітімі саңырауқұлақпен өңдеуден кейін

Барлық тәжірибелік топтарда саңырауқұлақ конидияларының концентрациясы  $10^5$ -тен  $10^8$  конидия/мл-ге дейін артқан сайын өлім-жітім деңгейі біртіндеп жоғарылады. Ең жоғары өлім көрсеткіштері  $10^8$  конидия/мл концентрациясында тіркелді, бұл қолданылған *B. bassiana* изолятының жоғары вируленттілігін көрсетті.

Зерттелген даму сатыларының ішінде нимфалар саңырауқұлақ инфекциясына ең жоғары сезімталдық танытты. Нимфалардың өлім-жітімі  $10^5$  конидия/мл концентрациясында 43%-дан  $10^8$  конидия/мл концентрациясында 98%-ға дейін артты. Өлім-жітімнің ерекше күрт жоғарылауы  $10^6$ -дан  $10^7$  конидия/мл концентрациясына ауысқанда байқалды, мұнда өлім көрсеткіші 67%-дан 88%-ға дейін өсті. Бұл деректер Parker және әріптестерінің нәтижелерімен сәйкес келеді, олар *B. bassiana* негізіндегі препараттармен өңделген *H. halys*-тің екінші жастағы нимфаларының жоғары сезімталдығын көрсеткен, мұнда жоғары конидия концентрацияларында өлім-жітім деңгейі 95–100%-ға жеткен (Parker et al., 2015). Нимфалық сатылардың жоғары сезімталдығы олардың кутикуласының жұқалығымен, жамылғысының жеткіліксіз склеротизациясымен және ересек жәндіктермен салыстырғанда иммундық қорғаныс жүйесінің әлсіз дамуымен түсіндірілуі мүмкін (Ortiz-Urquiza & Keyhani, 2013).

Ересек *H. halys* дарақтары да энтомопатогенді саңырауқұлақтың әсеріне жоғары сезімталдық көрсетті. Ересек дарақтардың өлім-жітімі  $10^5$  конидия/мл концентрациясында 30%-дан  $10^8$  конидия/мл концентрациясында 95%-ға дейін артты. Айта кету керек,  $10^7$  конидия/мл концентрациясында ересек дарақтардың өлім-жітімі 81%-ға жетті, бұл *B. bassiana*-ның максималды деңгейден төмен концентрацияларда да айқын инсектицидтік әсер көрсететінін дәлелдейді. Ұқсас нәтижелер Gouli және әріптестерінің зерттеуінде алынған, онда әртүрлі энтомопатогенді саңырауқұлақтардың ересек *H. halys* дарақтарына қарсы жоғары вируленттілігі көрсетілген (Gouli et al., 2012).

Конидиялар концентрациясының артуымен ересек дарақтардың өлім-жітім деңгейінің жоғарылауы жәндіктің кутикула бетіне жабысатын конидиялар санының көбеюімен байланысты болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде конидиялардың сәтті өну, саңырауқұлақтың жәндік ағзасына ену және кейіннен жүйелі инфекцияның дамуы ықтималдығын арттырады.

*H. halys* жұмыртқалары *B. bassiana*-ның әсеріне нимфалар мен ересек дарақтарға қарағанда төмен сезімталдық көрсетті. Жұмыртқалардың өлім-жітім көрсеткіштері сәйкесінше  $10^5$ ,  $10^6$ ,  $10^7$  және  $10^8$  конидия/мл концентрацияларында 18%, 35%, 58% және 74% болды. Әсері салыстырмалы түрде төмен болғанымен, конидиялар концентрациясының артуымен бірге өлім-жітім деңгейінің тұрақты жоғарылауы байқалды, бұл саңырауқұлақ әсерінің концентрацияға тәуелді сипатын қосымша растады. Жұмыртқалардың төмен сезімталдығы конидиялардың жұмыртқаға жабысуын, өнуін және енуін шектейтін хо-рионның қорғаныш қасиеттерімен байланысты

болуы мүмкін (Tozlu et al., 2019). Сонымен қатар, жұмыртқа беті саңырауқұлақ инфекциясының дамуы үшін қолайлығы төмен ылғалдылық жағдайларын қалыптастыруы мүмкін.

Жалпы алғанда, конидиялар концентрациясының жоғарылауымен өлім-жітім деңгейінің айтарлықтай артуы саңырауқұлақ тиімділігінің инфекциялық жүктемеге күшті тәуелді екенін көрсетеді. Нимфалар мен ересек дарақтардың ерекше жоғары сезімталдығы *B. bassiana*-ның өсімдіктерді интеграцияланған қорғау жүйелерінде зиянкестің белсенді даму сатыларына қарсы қолдануға перспективалы агент бола алатынын көрсетеді.

Алынған нәтижелер әдебиетте сипатталған *Beauveria bassiana* изоляттарының вируленттілігімен салыстырғанда жоғары деңгейде екенін көрсетті. Gouli және әріптестерінің зерттеуінде *Halyomorpha halys* имаголарының өлім-жітімі жоғары вирулентті штамдарды қолданған жағдайда шамамен 80–90% аралығында болғаны хабарланған (Gouli et al., 2012). Біздің зерттеуде жергілікті изолят  $1 \times 10^8$  конидия/мл концентрациясында нимфалардың 98%-ға және ересек дарақтардың 95%-ға дейін өлімін туғызды. Сонымен қатар, Özdemir және әріптестері (Özdemir et al., 2022) *Beauveria bassiana* изоляттары үшін  $LT_{50}$  көрсеткіштерінің 4–7 тәулік аралығында өзгертінін көрсеткен. Біздің зерттеуде ең жоғары концентрацияда  $LT_{50}$  мәні 3,7 тәулікті құрады, бұл инфекцияның жылдамырақ дамитынын және қолданылған жергілікті изолятың жоғары патогенділігін көрсетеді. Анықталған айырмашылықтар саңырауқұлақ изоляттарының генетикалық ерекшеліктерімен, конидиялардың өміршеңдігімен және тәжірибе жүргізу жағдайларымен байланысты болуы мүмкін.

#### 1-кесте

*Beauveria bassiana* саңырауқұлағының әртүрлі концентрацияларымен өңделгеннен кейінгі *Halyomorpha halys* даму сатыларының өлім-жітімі

Конидиялар концентрациясы (конидия/мл)	Жұмыртқалардың өлім-жітімі (%)	Нимфалардың өлім-жітімі (%)	Ересек дарақтардың өлім-жітімі (%)
$10^5$	18±1,2	43±1,5	30±2,1
$10^6$	35±1,9	67±1,7	53±1,2
$10^7$	58±2,5	88±2,2	81±1,7
$10^8$	74±3,1	98±2,7	95±1,9

Өлім-жітім көрсеткіштеріне жүргізілген бір факторлы дисперсиялық талдау конидиялар концентрациясының *H. halys* өлім-жітіміне елеулі әсер ететінін көрсетті (ANOVA:  $F_{3,12} = 42,57$ ,  $p < 0.001$ ). Tukey HSD тестінің нәтижелері бойынша  $10^7$  және  $10^8$  конидия/мл концентрациялары төмен концентрациялардан статистикалық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленді ( $p < 0.05$ ).

*Beauveria bassiana*-ның сублетальді әсерлері


Тікелей өлім-жітімнен басқа, *B. bassiana*-мен өңдеу тірі қалған *H. halys* дарақтарында айқын сублетальді әсерлер туғызды. Ең айқын өзгерістер конидиялардың жоғары концентрацияларымен ( $10^7$ – $10^8$  конидия/мл) өңделген топтарда байқалды. Инфекцияланған жәндіктер бақылау тобымен салыстырғанда қозғалу белсенділігінің төмендеуін, қоректену қарқындылығының

азаюын және қалыпты мінез-құлық реакцияларының бұзылуын көрсетті.

Қоректену белсенділігін талдау нәтижесінде ересек дарақтардың қоректену қарқындылығы бақылау тобымен салыстырғанда  $10^7$  конидия/мл концентрациясында өңделген топта шамамен 32%-ға, ал  $10^8$  конидия/мл концентрациясында 57%-ға төмендегені анықталды. Аталған айырмашылықтар бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан маңызды болды ( $p < 0.05$ ). Жәндіктер өсімдік материалының аз көлемін тұтынды, сондай-ақ қоректену кезеңдерінің арасындағы уақыттың ұзаруы байқалды. Кейбір инфекцияланған дарақтарда өңдеуден кейінгі алғашқы 24 сағат ішінде ұзақ уақыт қозғалмай қалу және қоректенуден бас тарту белгілері тіркелді.

**2-сурет**

*Beauveria bassiana* саңырауқұлағының әртүрлі концентрацияларымен өңделгеннен кейінгі *Halymorpha halys* даму сатыларының өлім-жітімі



*B. bassiana*-ның сублетальді әсері *H. halys*-тің репродуктивтік белсенділігіне де ықпал етті. Бір аналыққа шаққандағы жұмыртқалардың орташа саны бақылау тобында  $28 \pm 2,1$  жұмыртқаны құраса,  $10^7$  және  $10^8$  конидия/мл концентрацияларымен өңделген топтарда бұл көрсеткіш сәйкесінше  $17 \pm 1,8$  және  $9 \pm 1,2$  жұмыртқаға дейін төмендеді. Сонымен қатар, өңделген аналықтарда жұмыртқа салудың кешігуі және жұмыртқа салу белсенділігінің төмендеуі бай-

қалды. Аталған айырмашылықтар бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан маңызды болды ( $p < 0.05$ ).

Жұмыртқалардың тіршілікке қабілеттілігі де саңырауқұлақпен өңдеуден кейін төмендеді. Бақылау тобында жұмыртқалардың шығу көрсеткіші шамамен 92% болса, *B. bassiana*-ның ең жоғары концентрациясы қолданылған нұсқада бұл көрсеткіш 54%-ға дейін төмендеді. Бұл нәтижелер саңырауқұлақтың тек летальді әсер

көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар зиянкестің физиологиялық жағдайына, қоректену мінез-құлқына және репродуктивтік әлеуетіне елеулі ықпал ететінін көрсетеді.

Инфекцияланған жәндіктердегі мінез-құлық өзгерістері енжарлық, қозғалыс үйлесімділігінің төмендеуі және жалпы белсенділіктің азаюы түрінде байқалды. Бақылау тобымен салыстырғанда қозғалу белсенділігі  $10^7$  конидия/мл концентрациясымен өңделген топта 61%-ға, ал  $10^8$  конидия/мл концентрациясымен өңделген топта 84%-ға төмендеді ( $p < 0.05$ ). Бұл өзгерістер жүйелі саңырауқұлақ инфекциясының дамуымен, улы метаболиттердің жиналуымен және *B. bassiana*-ның гемоцельді колонизациялауынан туындаған физиологиялық күйзеліспен байланысты болуы мүмкін.

#### *Тіршілік ету көрсеткіштерін талдау*

Каплан–Мейер әдісі бойынша жүргізілген тіршілік ету талдауы *B. bassiana*-мен өңделгеннен кейін *H. halys* дарақтарының тіршілік ету деңгейінің конидиялар концентрациясына тәуелді түрде айтарлықтай төмендейтінін көрсетті. Барлық тәжірибелік топтарда конидиялар концентрациясының артуына және саңырауқұлақ әсер ету уақытының ұзаруына байланысты жәндіктердің тіршілік ету көрсеткішінің біртіндеп төмендеуі байқалды. Ең айқын әсер  $1 \times 10^8$  конидия/мл концентрациясындағы суспензиямен өңделген топта тіркелді, мұнда өңдеуден кейінгі алғашқы 4–6 күн ішінде тіршілік ету деңгейінің күрт төмендеуі байқалды. Тәжірибе кезеңінің соңына қарай бұл топтағы тіршілік ету көрсеткіші іс жүзінде нөлге дейін төмендеді, бұл конидиялардың ең жоғары концентрациясында *B. bassiana*-ның жоғары вируленттілігін көрсетті (3 сурет).

Саңырауқұлақтың төмен концентрацияларымен ( $10^5$ – $10^7$  конидия/мл) өңделген топтарда тіршілік ету деңгейінің төмендеуі біртіндеп жүрді.  $10^5$  конидия/мл концентрациясында жәндіктердің тіршілік ету көрсеткіші тәжірибенің алғашқы күндерінде салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталды, ал өлім-жітім баяу өсті, бұл инфекциялық жүктеме төмен болған жағдайда инфекцияның даму үдерісі ұзаққа созылатынын көрсетті. Сонымен қатар,  $10^6$  және  $10^7$  конидия/мл концентрацияларында тіршілік ету деңгейінің аралық төмендеуі байқалды, ол ең төмен концентрациямен салыстырғанда инфекцияның

жылдамырақ дамуымен және жинақталған өлім-жітімнің артуымен сипатталды.

Бақылау тобында бүкіл бақылау кезеңі бойы тіршілік ету көрсеткіші тұрақты деңгейде сақталды, бұл ұстау жағдайлары мен бақылау ерітіндісінің жәндіктер өлім-жітіміне елеулі әсер етпегенін растады. Бұл нәтижелер *H. halys* дарақтарының өлім-жітімінің негізгі факторы *B. bassiana*-ның әсері болғанын көрсетеді.

Бақыланған тіршілік ету динамикасы энтомопатогенді саңырауқұлақтардың патогенезіне сәйкес келеді. Конидиялар кутикула бетіне жабысқаннан кейін олар өніп, жәндіктің жамылғысы арқылы енеді, гемоцельді колонизациялайды және біртіндеп жүйелі саңырауқұлақ инфекциясын қалыптастырады (Ortiz-Urquiza & Keyhani, 2013). Бұл үдеріс белгілі бір уақытты қажет ететіндіктен, жәндіктердің өлім-жітімі өңдеуден кейін бірден емес, біртіндеп артады. Конидиялардың жоғары концентрациялары саңырауқұлақтың сәтті жабысу және ену ықтималдығын арттырады, нәтижесінде инфекцияның дамуы жеделдеп, тіршілік ету деңгейі жылдамырақ төмендейді.


Бұл нәтижелер Parker және Gouli және әріптестерінің зерттеулерімен сәйкес келеді, онда *B. bassiana* концентрациясының жоғарылауы *H. halys*-те микоздың дамуын жеделдетіп, тіршілік ету ұзақтығын қысқартатынын көрсетілген (Gouli et al., 2012; Parker et al., 2015). Тіршілік ету қисықтарындағы осындай концентрацияға тәуелді өзгерістер энтомопатогенді саңырауқұлақтармен зақымданған Pentatomidae тұқымдасының басқа өкілдері үшін де бұрын сипатталған (Tozlu et al., 2019).

Жалпы алғанда, Каплан–Мейер талдауының нәтижелері *B. bassiana*-ның *H. halys*-ке қарсы тиімді биологиялық агент ретінде жоғары әлеуетін растайды. Конидиялар концентрациясының артуымен жәндіктердің тіршілік ету көрсеткішінің айтарлықтай төмендеуі саңырауқұлақ инфекциясының тиімділігі инфекциялық жүктемеге қатты тәуелді екенін көрсетеді және өсімдіктерді интеграцияланған қорғау бағдарламаларында жоғары вирулентті *B. bassiana* изолляттарын қолдану мүмкіндігін айқындайды.

Каплан–Мейер қисықтарын салыстыру Log-rank тесті арқылы жүргізілді. Топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық маңызды болды ( $\chi^2 = 31.4$ ,  $p < 0.001$ ).

**3-сурет**

*Beauveria bassiana* саңырауқұлағының әртүрлі концентрацияларымен өңделген *Halyomorpha halys* ересек дарақтарының Каплан–Мейер тіршілік ету қисықтары



*LT<sub>50</sub>* және *LT<sub>90</sub>* көрсеткіштері

Саңырауқұлақ концентрациясының артуымен *LT<sub>50</sub>* және *LT<sub>90</sub>* мәндері төмендеді, бұл конидиялар тығыздығы жоғарылаған сайын *Beauveria bassiana* вируленттілігінің артқанын

көрсетті. *LT<sub>50</sub>* және *LT<sub>90</sub>* көрсеткіштері үшін 95% сенімділік интервалдары есептелді. Конидиялар концентрациясының жоғарылауымен летальді әсердің даму уақыты қысқарды (2-кесте).

**2-кесте**

*Beauveria bassiana* саңырауқұлағының әртүрлі концентрацияларымен өңделгеннен кейінгі *Halyomorpha halys* үшін *LT<sub>50</sub>* және *LT<sub>90</sub>* көрсеткіштері

Конидиялар концентрациясы (конидия/мл)	<i>LT<sub>50</sub></i> (тәулік)	95% CI	<i>LT<sub>90</sub></i> (тәулік)	95% CI
10 <sup>5</sup>	10,4	9,6–11,3	–	–
10 <sup>6</sup>	7,8	7,1–8,5	11,5	10,4–12,8
10 <sup>7</sup>	5,2	4,7–5,8	8,1	7,3–9,0
10 <sup>8</sup>	3,7	3,2–4,1	6,2	5,5–7,0

10<sup>5</sup> конидия/мл концентрациясында өлім-жітім деңгейі 90%-ға жетпегендіктен *LT<sub>90</sub>* көрсеткіші есептелмеді. Алынған *LT<sub>50</sub>* және *LT<sub>90</sub>* мәндері бұрын жарияланған зерттеулердегі көрсеткіштермен салыстырғанда төмен болды, бұл қолданылған жергілікті *Beauveria*

*bassiana* изолятының жоғары вируленттілігін көрсетеді. Әсіресе 1×10<sup>8</sup> конидия/мл концентрациясында анықталған *LT<sub>50</sub>* мәні (3,7 тәулік) әдебиетте жиі келтірілетін көрсеткіштерден төмен болды (Gouli et al., 2012; Özdemir et al., 2022).

### Микроскопиялық бақылаулар

Микроскопиялық зерттеу саңырауқұлақтың жәндік кутикуласына жабысуын және оның өсуін растады. Өңдеуден кейін 3–5 күн өткен соң инфекцияланған өлекселерде гифалардың жәндік жамылғысына енуі және мицелийдің сыртқы өсуі байқалды. Қатты инфекцияланған үлгілерде қарқынды спора түзілуі тіркелді, бұл *Beauveria bassiana* тудырған микоздың дамуын растады.

### Қорытынды

Зерттеу нәтижелері энтомопатогенді *Beauveria bassiana* саңырауқұлағының *Halyomorpha halys*-ке қарсы биологиялық күрес агенті ретіндегі жоғары әлеуетін растады. Саңырауқұлақ инфекциясының тиімділігі конидиялар концентрациясына және жәндіктің даму сатысына тікелей тәуелді екені анықталды. Конидиялар концентрациясы  $10^5$ -тен  $10^8$  конидия/мл-ге дейін артқан сайын барлық тәжірибелік топтарда өлім-жітім деңгейінің айтарлықтай жоғарылауы байқалды. Ең жоғары концентрацияда нимфалардың өлім-жітімі 98%-ға, ересек дарақтардың өлім-жітімі 95%-ға және жұмыртқалардың өлім-жітімі 74%-ға жетті.

*H. halys* нимфалары *Beauveria bassiana*-ға ең жоғары сезімталдық көрсетті, ал жұмыртқалар салыстырмалы түрде төменірек сезімталдық танытты, бұл олардың хорионының қорғаныш қасиеттерімен байланысты болуы мүмкін. Алынған  $LT_{50}$  және  $LT_{90}$  көрсеткіштері конидиялар концентрациясының жоғарылауымен летальді инфекцияның дамуына қажетті уақыттың қысқаратынын көрсетті. Ең жоғары концентрацияда  $LT_{50}$  көрсеткіші 3,7 тәулікті құрады, бұл қолданылған жергілікті *Beauveria bassiana* изолятының жоғары вируленттілігін дәлелдейді.

*Beauveria bassiana* тікелей летальді әсерінен басқа, қозғалу белсенділігінің төмендеуі, қоректену қарқындылығының азаюы, қимыл-қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы және көбею қабілетінің төмендеуі сияқты айқын сублетальді әсерлер туғызды. Өңделген дарақтарда қоректену белсенділігінің төмендеуімен қатар, репродуктивтік көрсеткіштердің нашарлауы байқалды. Өңделген аналықтарда жұмыртқа салу қарқындылығының едәуір төмендеуі және ұрпақтарының тіршілікке қабілеттілігінің азаюы тіркелді. Бұл нәтижелер саңырауқұлақ инфекциясының зиянкестің физиологиялық жағдайы мен мінез-құлқына кешенді теріс әсер ететінін көрсетеді.

Микроскопиялық зерттеулер конидиялардың жәндік кутикуласына жабысуын, гифа-

лардың өнуін және инфекцияланған дарақтардың бетінде микоздың дамуын растады, бұл *Beauveria bassiana*-ның иесі ағзасын сәтті колонизациялағанын көрсетті. Сонымен қатар, Каплан-Мейер талдауы саңырауқұлақпен өңделген *Halyomorpha halys* дарақтарының тіршілік ету деңгейінің концентрацияға тәуелді түрде айтарлықтай төмендейтінін көрсетті.

Осылайша, алынған нәтижелер *Beauveria bassiana* жергілікті изолятының *Halyomorpha halys*-ке қарсы жоғары энтомопатогендік белсенділік көрсететінін және оны зиянкестермен интеграцияланған күрес жүйелерінде қолданылудың перспективалы екенін дәлелдейді. Саңырауқұлақтың жоғары патогенділігі, сондай-ақ оның летальді және сублетальді әсерлер туғызу қабілеті *Beauveria bassiana*-ны тұрақты биологиялық күрес бағдарламаларының тиімді құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулерде әртүрлі *Beauveria bassiana* изоляттарының далалық жағдайлардағы тиімділігін бағалау, қолдану технологияларын оңтайландыру және энтомопатогенді саңырауқұлақтардың зиянкестермен интеграцияланған күрес жүйелерінің басқа компоненттерімен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін зерттеу маңызды болып табылады.

### Қаржыландыру

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің BR22887230 нысаналы қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде қаржыландырылды.

### Авторлардың үлесі

*Махамбетов Ә.Н.*: зерттеу тұжырымдама-сын әзірлеу, әдістеме дайындау, эксперименттер жүргізу, деректерді талдау, нәтижелерді визуализациялау, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу; *Кенжебекова Р.Т.*: эксперименттік зерттеулер жүргізу, деректерді жинау және жүйелеу, мақаланы дайындауға қатысу, нәтижелерді талдау және интерпретациялау; *Дулат Б.*: эксперименттік зерттеулер жүргізу, материалдар мен ресурстарды қамтамасыз ету, деректерді жинау және өңдеу; *Даирбекова З.К.*: зерттеуді ұйымдастыру және үйлестіру, ғылыми кеңес беру, нәтижелерді талдау және интерпретациялау, мақаланы редакциялау және жетілдіру; *Гриценко Д.А.*: ғылыми жетекшілік жасау, зерттеуді үйлестіру, ресурстық қамтамасыз ету, нәтижелерді талдау, мақаланы сараптау және редакциялау.

## References

- Abbott, W. S. (1987). A method of computing the effectiveness of an insecticide (1925). *Journal of the American Mosquito Control Association*, 3(2), 302–303.
- Ahmad, S. A., Abdul, R. Q., Allah, B., & Tayyab, H. (2012). Entomopathogenic fungi as biological controllers: New insights into their virulence and pathogenicity. *Archives of Biological Sciences*, 64(1), 21–42.
- Altinok, H., Altinok, M., & Koca, A. (2019). Modes of action of entomopathogenic fungi. *Current Trends in Natural Sciences*, 8, 117–124.
- Beus, M. P., Lemić, D., Skendžić, S., Čirjak, D., & Živković, I. P. (2024). The brown marmorated stink bug (Hemiptera: Pentatomidae)—A major challenge for global plant production. *Agriculture*, 14(8). <https://doi.org/10.3390/agriculture14081329>
- Bosco, L., Moraglio, S. T., & Tavella, L. (2018). *Halyomorpha halys*, a serious threat for hazelnut in newly invaded areas. *Journal of Pest Science*, 91, 661–670. <https://doi.org/10.1007/s10340-018-1007-0>
- Chandler, D., Bailey, A. S., Tatchell, G. M., Davidson, G., Greaves, J., & Grant, W. P. (2011). The development, regulation and use of biopesticides for integrated pest management. *Philosophical Transactions of the Royal Society B: Biological Sciences*, 366(1573), 1987–1998. <https://doi.org/10.1098/rstb.2010.0390>
- Davidson-Pilon, C. (2024). lifelines: Survival analysis in Python. *Zenodo*. <https://doi.org/10.5281/zenodo.10715381>
- Fluch, M., Corretto, E., Grella, N., Fischnaller, S., Schwembacher, S., & Schuler, H. (2024). A molecular gut content analysis reveals the feeding hosts of the brown marmorated stink bug *Halyomorpha halys*. *Research Square*, 1-23
- Gokturk, T. (2024). Current status of *Halyomorpha halys* in Turkey. *Georgian Scientists*, 6(4), 518–528.
- Gouli, V., Gouli, S., Skinner, M., Hamilton, G., Kim, J. S., & Parker, B. L. (2012). Virulence of select entomopathogenic fungi to the brown marmorated stink bug, *Halyomorpha halys* (Stål) (Heteroptera: Pentatomidae). *Pest Management Science*, 68(2), 155–157. <https://doi.org/10.1002/ps.2324>
- Haye, T., Garipey, T., Hoelmer, K., Rossi, J.-P., Streito, J.-C., Tassus, X., & Desneux, N. (2015). Range expansion of the invasive brown marmorated stink bug, *Halyomorpha halys*: An increasing threat to field, fruit and vegetable crops worldwide. *Journal of Pest Science*, 88, 665–673. <https://doi.org/10.1007/s10340-015-0670-2>
- Herrick, C. (2011). Brown marmorated stink bug causes \$37 million in losses to Mid-Atlantic apple growers. *Growing Produce*. Retrieved May 13, 2026, from <https://www.growingproduce.com/fruits/apples-pears/brown-marmorated-stink-bug-causes-37-million-in-losses-to-mid-atlantic-apple-growers/>
- Joseph, S. V., Stallings, J. W., Leskey, T. C., Krawczyk, G., Polk, D., Butler, B., & Bergh, J. C. (2014). Spatial distribution of brown marmorated stink bug (Hemiptera: Pentatomidae) injury at harvest in Mid-Atlantic apple orchards. *Journal of Economic Entomology*, 107(5), 1839–1848. <https://doi.org/10.1603/EC14191>
- Perktold, J., Seabold, S., Sheppard, K., Fulton, C., Shedden, K., Brockmendel, J., ... Halchenko, Y. (2024). statsmodels/statsmodels: Release 0.14.2. *Zenodo*. <https://doi.org/10.5281/zenodo.10957260>
- Keszthelyi, S., Gibicsár, S., Jócsák, I., Fajtai, D., & Donkó, T. (2022). Analysis of the destructive effect of the *Halyomorpha halys* saliva on tomato by computer tomographical imaging and antioxidant capacity measurement. *Biology*, 11(7), 1070. <https://doi.org/10.3390/biology11071070>
- Lee, D.-H., Short, B. D., Joseph, S. V., Bergh, J. C., & Leskey, T. C. (2013). Review of the biology, ecology, and management of *Halyomorpha halys* (Hemiptera: Pentatomidae) in China, Japan, and the Republic of Korea. *Environmental Entomology*, 42(4), 627–641. <https://doi.org/10.1603/EN13006>
- Leskey, T., Hamilton, G., Biddinger, D., Buffington, M., Dieckhoff, C., Dively, G., Fraser, H., Garipey, T., Hedstrom, C., Herbert, D., Hoelmer, K., Hooks, C., Inkley, D., Krawczyk, G., Kuhar, T., Lee, D.-H., Nielsen, A., Pfeiffer, D., Rodriguez-Saona, C., & Wiman, N. (2022). *Halyomorpha halys* (brown marmorated stink bug). *CABI Compendium*. <https://doi.org/10.1079/cabicompendium.27377>
- Li, J., Zhang, K., Zuo, T., Chen, Y., Zhang, Y., Li, X., Zhang, X., & Song, L. (2025). Nontarget effects of insecticides on biological control agents: Insights from red pine forests and global challenges in forest pest management. *Journal of Integrated Pest Management*, 16(1), 16.
- Litwin, A., Nowak, M., & Różalska, S. (2020). Entomopathogenic fungi: Unconventional applications. *Reviews in Environmental Science and Biotechnology*, 19(1), 23–42. <https://doi.org/10.1007/s11157-020-09525-1>
- Liu, D., Smagghe, G., & Liu, T.-X. (2023). Interactions between entomopathogenic fungi and insects and prospects with glycans. *Journal of Fungi*, 9(5), 560. <https://doi.org/10.3390/jof9050560>
- Luo, Z.-Y., Gao, L.-P., Li, W.-J., Chen, J.-H., Ali, M. Y., Zhang, F., Li, F.-Q., Wang, X.-P., & Zhang, J.-P. (2025). Assessing the lethal effects of pesticide residue exposure on beneficial parasitoids and their host, *Halyomorpha halys* (Stål) (Hemiptera: Pentatomidae). *Journal of Economic Entomology*, 118(1), 242–252.
- Murvanidze, M., Krawczyk, G., Inasaridze, N., Dekanoidze, L., Samsonadze, N., Macharashvili, M., Khutsishvili, S., & Shengelaia, S. (2018). Preliminary data on the biology of brown marmorated stink bug \**Halyomorpha halys*\* (Hemiptera, Pentatomidae) in Georgia. *Turkish Journal of Zoology*, 42, 323–334. <https://doi.org/10.3906/zoo-1710-37>
- Ortiz-Urquiza, A., & Keyhani, N. O. (2013). Action on the surface: Entomopathogenic fungi versus the insect cuticle. *Insects*, 4(3), 357–374. <https://doi.org/10.3390/insects4030357>
- Parker, B. L., Skinner, M., Gouli, S., Gouli, V., & Kim, J. S. (2015). Virulence of BotaniGard® to second instar brown marmorated stink bug, *Halyomorpha halys* (Stål) (Heteroptera: Pentatomidae). *Insects*, 6(2), 319–324. <https://doi.org/10.3390/insects6020319>

Sharma, A., Sharma, S., & Yadav, P. K. (2023). Entomopathogenic fungi and their relevance in sustainable agriculture: A review. *Cogent Food & Agriculture*, 9(1), 2180857. <https://doi.org/10.1080/23311932.2023.2180857>

Tassini, C., & Mifsud, D. (2019). The brown marmorated stink bug, *Halyomorpha halys* (Hemiptera: Heteroptera: Pentatomidae) in Malta. *EPPPO Bulletin*, 49(1), 132–136. <https://doi.org/10.1111/epp.12555>

Tozlu, E., Saruhan, I., Tozlu, G., Kotan, R., Dadaşoğlu, F., & Tekiner, N. (2019). Potentials of some entomopathogens against the brown marmorated stink bug, *Halyomorpha halys* (Stål, 1855) (Hemiptera: Pentatomidae). *Egyptian Journal of Biological Pest Control*, 29(1), 76. <https://doi.org/10.1186/s41938-019-0165-5>

Tukey, J. W. (1949). Comparing individual means in the analysis of variance. *Biometrics*, 5(2), 99–114. <https://doi.org/10.2307/3001913>

Wang, H., Peng, H., Li, W., Cheng, P., & Gong, M. (2021). The toxins of *Beauveria bassiana* and the strategies to improve their virulence to insects. *Frontiers in Microbiology*, 12, 705343. <https://doi.org/10.3389/fmicb.2021.705343>

Wang, J. B., St. Leger, R. J., & Wang, C. (2016). Advances in genomics of entomopathogenic fungi. *Advances in Genetics*, 94, 67–105. <https://doi.org/10.1016/bs.adgen.2016.01.001>

Zhou, W., Arcot, Y., Medina, R. F., Bernal, J., Cisneros-Zevallos, L., & Akbulut, M. E. S. (2024). Integrated pest management: An update on the sustainability approach to crop protection. *ACS Omega*, 9(40), 41130–41147. <https://doi.org/10.1021/acsomega.4c04880>

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Махамбетов Әлібек – ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ РМК «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» Молекулалық биология зертханасының лаборанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: [alibek2904@mail.ru](mailto:alibek2904@mail.ru)).

Кенжебекова Роза – ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ РМК «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» Молекулалық биология зертханасының ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан, e-mail: [rozakenzhebekova344@gmail.com](mailto:rozakenzhebekova344@gmail.com)).

Дулат Бақыт – ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ РМК «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» Молекулалық биология зертханасының лаборанты, AgriBioTech ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС (Алматы, Қазақстан, e-mail: [bahytalt99@gmail.com](mailto:bahytalt99@gmail.com)).

Даирбекова Зарина – ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ РМК «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» Молекулалық биология зертханасының лаборанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: [dairbekovaz2001@gmail.com](mailto:dairbekovaz2001@gmail.com)).

Гриценко Диляра (хат-хабар алмасуға жауапты автор) – PhD, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ РМК «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» Молекулалық биология зертханасының меңгерушісі, AgriBioTech ғылыми-зерттеу орталығы ЖШС (Алматы, Қазақстан, e-mail: [d.kopytina@gmail.com](mailto:d.kopytina@gmail.com)).

#### **Information about the authors:**

Makhambetov Alibek – Laboratory Assistant, Laboratory of Molecular Biology, RSE on REM «Institute of Plant Biology and Biotechnology» CS MSHE RK, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [alibek2904@mail.ru](mailto:alibek2904@mail.ru)).

Kenzhebekova Roza – researcher at the Laboratory of Molecular Biology, RSE on REM “Institute of Plant Biology and Biotechnology” CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [rozakenzhebekova344@gmail.com](mailto:rozakenzhebekova344@gmail.com)).

Dulat Bakyt – Laboratory Assistant, Laboratory of Molecular Biology, RSE on REM «Institute of Plant Biology and Biotechnology» CS MSHE RK, Research Center AgriBioTech LLP (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [bahytalt99@gmail.com](mailto:bahytalt99@gmail.com)).

Dairbekova Zarina – Laboratory Assistant, Laboratory of Molecular Biology, RSE on REM «Institute of Plant Biology and Biotechnology» CS MSHE RK, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [dairbekovaz2001@gmail.com](mailto:dairbekovaz2001@gmail.com)).

Gritsenko Dilyara (corresponding author) – PhD, Associate Professor, Head of the Laboratory of Molecular Biology, RSE on REM “Institute of Plant Biology and Biotechnology” CS MSHE RK, Research Center AgriBioTech LLP (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [d.kopytina@gmail.com](mailto:d.kopytina@gmail.com)).

#### **Сведения об авторах:**

Махамбетов Алибек – лаборант лаборатории молекулярной биологии РГП на ПХВ «Институт биологии и биотехнологии растений» КН МНВО РК (Алматы, Казахстан, e-mail: [alibek2904@mail.ru](mailto:alibek2904@mail.ru)).

Кенжебекова Роза – научный сотрудник лаборатории молекулярной биологии РГП на ПХВ «Институт биологии и биотехнологии растений» КН МНВО РК (Алматы, Казахстан, e-mail: [rozakenzhebekova344@gmail.com](mailto:rozakenzhebekova344@gmail.com)).

Дулат Бақыт – лаборант лаборатории молекулярной биологии РГП на ПХВ «Институт биологии и биотехнологии растений» КН МНВО РК, ТОО «Научно-исследовательский центр AgriBioTech» (Алматы, Казахстан, e-mail: [bahytalt99@gmail.com](mailto:bahytalt99@gmail.com)).

Даирбекова Зарина – лаборант лаборатории молекулярной биологии РГП на ПХВ «Институт биологии и биотехнологии растений» КН МНВО РК (Алматы, Казахстан, e-mail: [dairbekovaz2001@gmail.com](mailto:dairbekovaz2001@gmail.com)).

Гриценко Диляра (автор для корреспонденции) – PhD, ассоциированный профессор, заведующая лабораторией молекулярной биологии РГП на ПХВ «Институт биологии и биотехнологии растений» КН МНВО РК, ТОО «Научно-исследовательский центр AgriBioTech» (Алматы, Казахстан, e-mail: [d.kopytina@gmail.com](mailto:d.kopytina@gmail.com)).

Келін түсті: 21 қаңтар 2026 жыл  
Қабылданды: 15 маусым 2026 жыл

С.Д. Жантлесова\* , Ж.Т. Мусабеков , Ж. Хамитқызы ,  
А.Б. Талипова , А.С. Кистаубаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
\*e-mail: sirina.zhantlessova@mail.ru

## ЖАРКЕНТТІҢ ГЕОТЕРМАЛДЫҚ КӨЗДЕРІНЕН БӨЛІНГЕН ТЕРМОФИЛЬДІ БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ ПЛАСТИКТІ ЫДЫРАТУ ӘЛЕУЕТІ

Пластикалық ластану – синтетикалық полимерлердің табиғи ыдырауға төзімділігі мен тұрақтылығының жоғары болуына байланысты жаһандық экологиялық маңызды проблема болып табылады. Олардың ішінде полиэтилентерефталат (ПЭТ) ең кең таралған пластиктердің бірі, бұл оның қоршаған ортада айтарлықтай жиналуына әкеледі. Термофильді микроорганизмдерді қолдану арқылы биологиялық ыдырау дәстүрлі жою әдістеріне перспективалы балама ұсынады. Осы зерттеуде Қазақстанның Жаркент өңіріндегі геотермалды көздерден ПЭТ ыдырату әлеуетін бағалау үшін термофильді бактериялар оқшауланды. 42–103 °С температуралы жерлерден алынған су, шөгінді және топырақ үлгілері ПЭТ-ті жалғыз көміртек көзі ретінде қамтитын минералды тұзды ортада байытылды. Нәтижесінде 16 термофильді бактериялық изолят алынды және пластикті ыдырату белсенділігіне қарай іріктелді. ПЭТ пленкалы дискілерін қолданған ыдырату сынақтары төрт термофильді изоляттың (W-DP-01, W-DP-03, W-DP-06, SED-02) полимердің салмағын айтарлықтай азайтатынын көрсетті, 28 күн бойы 65 °С температурада инкубацияланғаннан кейін 13,9–16,0 мг дейін азайды. Биохимиялық және морфологиялық сипаттау нәтижелері жоғары ыдырату қабілеті бар изоляттардың *Bacillus* тұқымдасына жататынын анықтады.

**Түйін сөздер:** термофильді бактериялар, полиэтилентерефталат, ПЭТ ыдырату, геотермалдық көздер, *Bacillus*, биодеградация.

S.D. Zhantlessova\*, Zh.T. Mussabekov,  
Zh. Khamitkyzy, A.B. Talipova, A.S. Kistaubayeva  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
\*e-mail: sirina.zhantlessova@mail.ru

### Potential for plastic degradation by thermophilic bacteria isolated from geothermal sources of Zharkent

Plastic pollution has become a critical worldwide environmental problem because of the exceptional stability and high resistance of synthetic polymers to natural degradation processes. Plastic waste containing polyethylene terephthalate (PET) is a major contributor to this problem, as PET is one of the most commonly used plastics, and its improper disposal results in its accumulation in nature. The use of thermophilic microorganisms for biotic degradation is one of the environmentally friendly methods that are expected to replace traditional disposal methods. This work aimed at checking the ability of thermophilic bacteria purified from the geothermal springs of the Zharkent region (Kazakhstan) to degrade PET. Water, sediment, and soil samples collected from areas where the temperature was between 42 and 103 °C were incubated in mineral salt medium with PET as the only carbon source. We obtained sixteen thermophilic bacterial strains and examined their potential of plastic degradation.

After testing the degradation of PET film discs, we found that only four out of those thermophilic strains (W-DP-01, W-DP-03, W-DP-06, SED-02) caused a significant reduction in the polymer weight, i.e., 13.9–16.0 mg, after 28 days of incubation at 65 °C.

The *Bacillus* genus was recognized as the source of the isolates with the outstanding degrading capability of the polymer based on their biochemical and morphological.

**Keywords:** thermophilic bacteria, polyethylene terephthalate, PET degradation, geothermal sources, *Bacillus*, biodegradation.

С.Д. Жантлесова\*, Ж.Т. Мусабеков,  
Ж. Хамитқызы, А.Б. Талипова, А.С. Кистаубаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: sirina.zhantlessova@mail.ru

### Потенциал разложения пластика термофильными бактериями, выделенными из геотермальных источников Жаркента

Пластиковые отходы представляют собой одну из важнейших экологических проблем современного мира, так как синтетические полимеры обладают высокой химической прочностью и не могут быть быстро разрушены естественным путем. Полиэтилентерефталат (ПЭТ) относится к одной из наиболее распространенных групп пластмасс, вследствие чего практически во всех окружающих человека средах можно обнаружить накопления этого материала. Обезвреживание пластиковых отходов с помощью термофильных микроорганизмов является одним из перспективных направлений в области утилизации. В настоящей работе из геотермальных источников, расположенных в Жаркенте (Казахстан), были выделены термофильные бактерии с целью оценки их потенциала для деструкции ПЭТ. Образцы воды, осадков и почвы, взятые в горячих источниках с температурой от 42 до 103 °С, были инкубированы в минерально-солевой среде с использованием полиэтилентерефталата в качестве единственного источника углерода. В итоге было изолировано шестнадцать штаммов термофильных бактерий, которые проверяли на способность к разложению пластика. В экспериментах по разложению с использованием образцов из ПЭТ-пленки было установлено, что 4 изолята термофильных бактерий (W-DP-01, W-DP-03, W-DP-06, SED-02) обусловили значительную потерю массы полимеров в количестве от 13, 9 до 16, 0 мг после 28 дней инкубации при температуре 65 °С. Биохимическая характеристика и микроскопия показали, что изоляты с наивысшей активностью к разложению принадлежат к роду *Bacillus*.

**Ключевые слова:** термофильные бактерии, полиэтилентерефталат, деградация ПЭТ, геотермальные источники, *Bacillus*, биодegradация.

#### Кіріспе

Пластиктер беріктігі, әмбебаптығы және өндіріс құнының төмендігі арқасында әлемде ең көп қолданылатын материалдардың бірі болып табылады. Олардың қаптама өндірісінде, құрылыс саласында, электроникада және денсаулық сақтау жүйесінде кеңінен қолданылуы жаһандық пластик өндірісінің үздіксіз өсуіне әкеліп, жылына 390 миллион тоннадан асты (Boschi et al., 2024). Дегенмен, пластмассаларды құнды ететін қасиеттер, әсіресе олардың ыдырауға төзімділігі, ұзақ мерзімді қоршаған ортаның жиналуына ықпал етеді, бұл экологиялық және денсаулыққа қатысты елеулі мәселелер тудырады. Пластикалық қалдықтардың көп мөлшері қоқыс полигондарына, топыраққа және су экожүйелеріне түседі, онда олар ондаған жылдар бойы сақталып, азық-түлік тізбегіне енетін микропластиктерге және нанопластиктерге бөлінеді (Yang et al., 2025; Chaudhary et al., 2025). Қазақстанда пластикалық қалдықтардың жалпы көлемі жылына шамамен 625-730 мың тоннаға жетеді деп есептеледі. Бұл қоқыс полигонына тастау және өртеу сияқты дәстүрлі әдістер жеткіліксіз әрі қоршаған ортаға зиянды болғандықтан тиімдірек жою әдістерін әзірлеуді қажет етеді (Schulte & Busch, 2024). Пластикалық қал-

дықтардың көпшілігі ел ішінде қалады полигондарға тасталады немесе табиғи ортада жиналады. Жүргізіліп жатқан бастамаларға қарамастан сұрыпталған пластикалық қалдықтардың үлесі тек 9,9% құрайды бұл бүкіл ел бойынша қалдықтарды бөлудегі шектеулі прогресті көрсетеді (Kazakh Telegraph Agency, 2025).

Әртүрлі пластик түрлерінің ішінде полиэтилентерефталат (ПЭТ) ең көп өндірілетін және әлемде тұтынылатын полимерлердің бірі болып табылады. ПЭТ жоғары механикалық беріктігіне термиялық тұрақтылығына және мөлдірлігіне байланысты сусын бөтелкелерінде тамақ ыдыстарында синтетикалық талшықтарда кеңінен қолданылады (Benyathiar et al., 2022). Ол Қазақстандағы жылдық пластикалық қалдықтардың жалпы көлемінің шамамен 14%-ын құрайды (Kwan, 2025).

ПЭТ қалдықтарын қалпына келтірудің бір перспективасы бағыты – полимер негізін құрайтын эфирлік байланыстарды гидролиздеуге икемді микробтық ферменттерді қолдана отырып биологиялық деполимерлеу. ПЭТ-ыдырайтын ферменттердегі жетістіктер (мысалы ПЭТ гидролиздері және инженерлік деполимеразалар) ферментативті гидролиз химиялық қайта өңдеуге жарамды мономерлерді бере алатынын көрсетті ал ақуыз инженериясы саласындағы

соңғы жұмыстар каталитикалық тиімділік пен процеске қатысты жағдайларда термотұрақтылықты айтарлықтай жақсартты (Tournier et al., 2020; Arnal et al., 2023).

Термофильді микроорганизмдер ПЭТ биоөңдеу үшін ерекше қызықты, өйткені олардың термотұрақты ферменттері жоғары температурада жұмыс істей алады, бұл полимер тізбегінің қозғалғыштығын және реакция кинетикасын жақсартады, сонымен қатар биореакторлардағы ластану қаупін азайтады. Бүгінгі күнге дейін бүкіл әлемдегі ыстық бұлақтардан термофильді бактериялардың кең ауқымы бөлініп алынды және анықталды. Олардың ішінде *Bacillus*, *Paenibacillus*, *Anoxybacillus*, *Geobacillus*, *Lysinibacillus* және *Brevibacillus* сияқты тұқымдастар жақсы белгілі және биотехнологияда әртүрлі қолданыстарды тапты (Ortega-Villar et al., 2024; Cirić & Šaraba, 2025). Термофильді пластикалық биодеградацияны қорытындылайтын шолулар мен эксперименттік зерттеулер мезофилдермен салыстырғанда термофильдерде ыдырау жылдамдығының және әртүрлі ферментативті репертуарлардың жоғарылағанын көрсетеді, бұл ыстыққа бейімделген ферменттердің бөлме температурасындағы биокатализдің кейбір шектеулерін жеңе алатынын көрсетеді (Yan et al., 2021).

Соңғы зерттеулер көрсеткендей, термофильді ферменттік жүйелер полимердің шынылану температурасына жақын ПЭТ гидролизін айтарлықтай жақсарта алады, мұнда тізбектің қозғалғыштығының жоғарылауы ферменттердің қолжетімділігі мен каталитикалық тиімділігін арттырады. Мысалы, ICCG сияқты модификацияланған термофильді ПЭТ гидролазалары процеске сәйкес жағдайларда жоғары белсенділік пен тұрақтылықты көрсетеді, бұл термофильді биокатализдің мезофильді жүйелерге қарағанда технологиялық артықшылығын растайды (Zeng et al., 2022).

Сондықтан геотермалдық бұлақтар мен басқа да жоғары температуралы мекендеу орталары жаңа термофильді штамдар мен термотұрақты ПЭТ-гидролазаларды іздеудің бай нысандары болып табылады. Жаркент геотермалдық бұлақтарының (Алматы облысы, Қазақстан) алдыңғы микробиологиялық және метагеномдық зерттеулері биотехнологиялық қолдану үшін перспективалы әртүрлі термофильді қауымдастықтар мен изоляттарды анықтады. Бұл жергілікті экожүйелердің жаңа ферменттік белсенділікті ашу үшін құнды бірақ аз зерттелген ресурс екенін көрсетеді (Mashzhan et al., 2021).

Бұл зерттеу Жаркент геотермалдық бұлақтарынан термофильді бактерияларды бөліп алуға және олардың бақыланатын зертханалық жағдайларда ПЭТ ыдырауын бастау әлеуетін бағалауға бағытталған. ПЭТ субстраттарының қатысуымен олардың өсуін, биохимиялық ерекшеліктерін және гидролитикалық белсенділігін зерттеу арқылы бұл жұмыс термофильді биоыдырау стратегияларын әзірлеуге үлес қоса алатын перспективалы штамдарды анықтауға бағытталған.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Сынамаларды жинау және бактерияларды оқшаулау. Су, шөгінді (лайлы) және топырақ үлгілері Жаркент ауданындағы (Алматы облысы) геотермалдық бұлақтардан алынды. Сынамаларды алу орындарының далалық өлшеулері 42°C-тан 103 °C-қа дейінгі температурада тіркелді. Мұнда екі типтік үлгі көрсетілген: таяз, ашық бассейннен жиналған органикалық заттарға бай шөгінді N1 үлгісі және ластануды азайту үшін асептикалық жағдайда жиналған шамамен 2385 м тереңдікте және 99,5 °C температурада алынған терең су үлгісі N2 үлгісі. Қосымша топырақ және лайлы шөгінділер жақын маңдағы ағып жатқан жерлерден жиналды. Үлгілер GPS координаттары және жергілікті параметрлер (температура, pH) көрсетілген стерильді 500 мл полипропилен бөтелкелеріне салынып, тығыздалып, өңдеу үшін зертханаға жеткізілді. Барлық үлгілер жиналғаннан кейін 24 сағат ішінде өңделді. Топырақ және шөгінді үлгілері гомогенделіп, стерильді тұзды ерітіндіде (0,85% NaCl) сериялық түрде сұйылтылды, ал су үлгілері микробтық биомассаны шоғырландыру үшін 0,45 мкм мембраналық сүзгілер арқылы сүзілді.

Өңделген үлгілердің аликвоталары келесі құрамдағы минералды тұзды ортаға егілді (г/л, егер басқаша көрсетілмесе):  $\text{KH}_2\text{PO}_4$  – 1.5;  $\text{K}_2\text{HPO}_4$  – 2.5;  $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$  – 1.0;  $\text{MgSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$  – 0.2;  $\text{NaCl}$  – 1.0;  $\text{CaCl}_2 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$  – 0.02; микроэлементтер ерітіндісі ( $\text{FeSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$  – 5.0 г/л,  $\text{MnSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$  – 2.5 г/л,  $\text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$  – 0.5 г/л,  $\text{CoCl}_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$  – 0.2 г/л) – 1 мл/л Бастапқы өсіру үшін жалғыз көміртек көзі ретінде пластик (PET) ұнтағы (<500 мкм дейін еленген әр жағы бір сағат бойы ультракүлгін сәулемен стерильденген) 1 г/л мөлшерінде қосылды. Үлгілер термофильді микроорганизмдердің өсуін ынталандыру мақсатында 65°C температурада жеті күн бойы инкубацияланды. Инкубациядан кейін әрбір байытылған культу-

радан 100 мкл алынып бірізді сұйылту жасалды және колонияларды бөліп алу үшін минералды тұзды агарлы орта табақшаларына егілді. Табақшалар сол температуралық жағдайларда 72 сағат бойы инкубацияланды. Морфологиясы бойынша ерекшеленетін жеке колониялар таза термофильді изоляттарды бөліп алу үшін жаңа агарлы ортаға бірнеше рет қайта штрихтау арқылы егілді.

Таза изоляттар 0.1% (масс./көлем) ПЭТ қосылған қатты минералды тұзды ортада өсу қабілеті бойынша тексерілді. Әрбір бактериялық изоляттан ілмекпен алынған материал агар табақшасының ортасына егілді; барлық табақшалар 65°C температурада 72 сағат бойы инкубацияланды. Инкубация кезеңінен кейін әр изолят үшін бактериялық өсудің диаметрі анықталды. Өсу колония диаметрі мен көзге көрінетін таралуына негізделіп бағаланды. Изоляттар келесі санаттарға бөлінді: күшті (колония диаметрі > 2.5 см), орташа (колония диаметрі 1.0–2.5 см), әлсіз (колония диаметрі < 1.0 см), өсу анықталмады (ND). *ПЭТ ыдырауының сандық талдауы.*

ПЭТ пленкалы дискілер (диаметрі 1 см, □ 66 мг) коммерциялық ПЭТ бөтелкелерінен жасалған, 70% этанолмен және стерильді тазартылған сумен жуылған және стерильді жағдайда ауада кептірілген. Дискілер ультракүлгін сәулемен зарарсыздандырылды. Алдын ала өлшенген дискілер таңдалған бактериялық изоляттардың стандартталған жасушалық суспензиясымен (OD<sub>600</sub> = 0,1) егілген 20 мл сұйық ортасы (көміртегі көзі жок) бар 100 мл Эрленмейер колбаларында инкубацияланды. Колбалар 28 күн бойы 120 айн/мин жылдамдықпен шайқалған кезде 65°C температурада инкубацияланды. Бақылау колбаларында бактериялық егусіз стерильді ортада ПЭТ дискілері болды. Инкубациядан кейін ПЭТ дискілері алынып тасталды, бекітілген жасушаларды кетіру үшін тазартылған сумен мұқият жуылды, көлеңкеде кептірілді және қайта өлшенді. ПЭТ деградациясы дискілердің массасының жоғалуы (мг) өлшеу арқылы анықталды және бастапқы массаға қатысты пайыздық масса жоғалу түрінде есептелді: [(бастапқы масса – соңғы масса) / бастапқы масса × 100%].

*Биохимиялық сипаттамасы.*

Таңдалған изоляттар стандартты микробиологиялық сынақтар арқылы сипатталды: граммен бояу, жасушалар мен колониялардың морфологиясы, эндоспора түзілуі (Шеффер-

Фултон бояуы), каталаза (3% H<sub>2</sub>O<sub>2</sub>), оксидаза (Bactident®, Merck оксидаза жолақтары) және арнайы қоректік орталарда желатин, крахмал және казеин гидролизі. Цитратты қолдану және уреаза белсенділігі де тексерілді.

*Статистикалық талдау.*

Егер басқаша көрсетілмесе, барлық эксперименттік топтар үш данада талданды. Барлық статистикалық талдаулар SPSS бағдарламалық жасақтамасының көмегімен жүргізілді (28.0 нұсқасы, IBM Corp., Армонк, Нью-Йорк, АҚШ). Р-мәні < 0,05 болған жағдайда статистикалық маңызды деп есептелді.

### Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

ПЭТ-пластмассаны сәйкестендіру жүйесіне сәйкес жіктелген Пластмассалардың жеті негізгі санатының бірі. Бұл гидролитикалық ыдырауға ұшырайтын сомономерлі бірліктер мен алифатты сегменттерден тұратын жоғары молекулалы хош иісті полиэфир (Venkatachalam et al., 2012). Полиуретан, төмен тығыздықты полиэтилен (ТПЭ), полигидроксиалканаттар және басқа да биологиялық ыдырайтын пластмассалар сияқты басқа полимерлермен салыстырғанда, ПЭТ-тің микробтық ыдырауына бағытталған зерттеулер салыстырмалы түрде аз (Sangale, 2012; Sangeetha Devi et al., 2015). Сондықтан, бұл зерттеуде геотермалдық орта ПЭТ-ны ыдырату белсенділігі бар термофильді микроорганизмдердің көзі ретінде зерттелді.

Нәтижесінде, Жаркент аймағындағы геотермалдық бұлақтардан он алты термофильді бактериялық изолят сәтті алынды, олардың көпшілігі сулы ортадан шыққан (1-сурет).

Изоляттар оқшаулау көздеріне қарай жіктелді: W-DP (Терең геотермалдық су), W-SP (жазық бассейн суы), SED (жазық бассейндердің түнбасы) және S (жақын топырақ аумақтары) (2-сурет).

Таралу нәтижелері судан алынған изоляттардың айтарлықтай көп екенін көрсетеді, 16 изоляттың 9-ы (56%) сулы ортадан шыққан, бұл ыстық бұлақтардағы бай термофильді қауымдасстықты көрсетеді. Алдыңғы зерттеулер геотермалдық ортада әртүрлі пластикті ыдырататын микробтардың (ыстық бұлақтар, желдеткіштер және т.б.) мекендейтінін растайды, сондықтан бұл қуыстардан оқшаулау жаңа ыдыратушыларды табу ықтималдығын арттырады (Yuan et al., 2025).


**1-сурет**

Қазақстандағы Жаркент (Алматы облысы) ауданындағы геотермалдық ыстық су көзі



**2-сурет**

Геотермалдық бұлақтардан алынған термофильді бактериялардың оқшаулау көздері (А) және ПЭТ-ыдырау әлеуетін алдын ала бағалау (В)



Колония морфологиясын талдау әртүрліліктің кең ауқымын көрсетті: ең жиі кездесетін колония түсі – ақ (7 изолят), одан кейін сары (5 изолят) және қоңыр-сары (4 изолят). Колониялардың өлшемдері, биіктіктері, жиектері және беткі текстуралары түгелдей әртүрлі екенін байқауға болады. Микроскопиялық сипаттама негізінде 12-сі грамоң (95%), ал 4-уі грамтеріс (25%) бактерия болды; таяқша тәрізді морфологияның орташа басымдығы (87%) байқалды. Грамоң таяқшалар эндоспора түзді және олар не түнбада (62%), не жоғары температуралы су изоляттары арасында (81%) басым болды.


Изоляттар бактерия колонияларының өсу диаметрі бойынша деградация тиімділігіне бағаланды, бұл бұрын Hussein A. және т.б. (2019; Huang et al., 2022; Long et al., 2022) сипаттағандай. (Hussein et al., 2015). Олардың ішінде он

изолят PET құрамындағы қоректік ортасы бар табақшаларда жақсы өсіп шықты.

Осы пластикті субстраттармен немесе олардың үстінде қолдануға әлеуетін көрсетті (2, 3-суреттер). Үш оқшаулау (үш резервуардың әрқайсысынан біреуден) ұзартылған, айқын колониялармен мықты өсу көрсетті, ал төртеуі орташа өсу көрсетті. Үшеуі әлсіз болып аяқталды және бесеуі айтарлықтай өсу көрсетпеді, бұл PET-ден алынған қосылыстардың жағдайында қоспаланбайтынын, яғни жарамсыз екенін меңзейді. Бұл таңдау жалпы гидролитикалық ферменттік жүйелердің талаптарына байланысты болуы мүмкін: олар эфирлік байланыстары бар полимерлерді ыдырата алатындықтан, жоғары температура мен қоректік орта аз болған жағдайларда анағұрлым күрделі органикалық қосылыстарды және/немесе жасушадан тыс субстраттарды пайдалана алуы мезгілде таңдауы мүмкін.

### 3-сурет

0,1% (w/v) ПЭТ бар қатты минералды тұзды ортада өкілдік изоляттардың бактериялық өсуі




Өсу күшті (колония диаметрі > 2,5 см), орташа (1,0–2,5 см), әлсіз (< 1,0 см) және анықталмайтын өсу (ND) болып жіктелді.

Сандық тестілеу үшін таңдалған 10 термофильді изоляттың ішінде тек төртеуі ғана ПЭТ-нің айқын ыдырауын көрсетті ( $p < 0,05$ ), салмақ жоғалту мәндері 28 күн ішінде 13,9-дан

16,0 мг-ға дейін болды (4-сурет). Ең белсенді изоляттар терең геотермалдық су (W-DP) және жазық бассейндердің түнбасы (SED) үлгілерінен алынған.

4-сурет

Термофильді бактериялық изоляттармен инкубациядан кейін ПЭТ салмағының төмендеуі



Терең геотермалдық сулардың (95–99°C) экстремалды жағдайлары баяу ыдырайтын органикалық полимерлерден қоректік заттарды жинауға арналған берік және тұрақты гидроликалық ферменттік жүйелері бар микробтық консорциумдарға күшті селективті қысым көрсетуі мүмкін. Бұл экологиялық бейімделу мұндай изоляттардың ПЭТ сияқты синтетикалық полиэфирлерге шабуылына бағытталуы мүмкін.

Термофильді микробтық және ферменттік жүйелер жоғары температурада полимер тізбегінің қозғалғыштығын және ферменттік каталитикалық тиімділігін арттыру арқылы ПЭТ гидролизін айтарлықтай жақсартады. Мысалы, инженерлік термофильді жүйелердің дәстүрлі мезофильді ПЭТазалармен салыстырғанда 60–70°C температурада жоғары ыдырау жылдамдығына қол жеткізетіні көрсетілген, олар әдетте тұрақтылық үшін төмен температураны қажет етеді (Yan et al., 2021). Кутиназа және эстераза сияқты термофильді ферменттер әсіресе перспективалы, себебі олар ПЭТ-тің шыны өтпелі температурасына жақын термиялық жағдайлар-

да эфирлік байланыстарды тиімдірек үзе алады (Kawai, 2021). Жақында жүргізілген зерттеулер термофильді микроорганизм-фермент жүйесінің ПЭТ қалдықтарын жоғары жүктемелер мен жоғары температура кезінде толығымен ыдырата алатынын көрсетті, бұл зертханалық сынақтардан тыс термофильді биоыдырау қолданудың жоғары әлеуетін көрсетеді (Ян және т.б., 2024). Жоғары температурадағы ПЭТ ыдырауының артықшылықтары ферменттердің термиялық тұрақтылығынан тысқары. Мұндай жағдайларда полимердің физикалық және құрылымдық қасиеттерінің өзгеруі, каталитикалық жылдамдықтың жоғарылауы және субстраттар мен ыдырау өнімдерінің диффузиясының жоғарылауы төмен температуралы жүйелермен салыстырғанда ПЭТ деполимерленуінің тиімдірек болуына ықпал етеді (Атанасова және т.б., 2021).

Биохимиялық сипаттама үшін ең жоғары ыдырау тиімділігін көрсететін ПЭТ масса жоғалту талдауы негізінде төрт термофильді изолят (W-DP-01, W-DP-03, W-DP-06, SED-02) таңдалды.

5-сурет

ПЭТ-ді ыдырататын ең тиімді термофильді изоляттардың биохимиялық сипаттамалары

**Бактериялық штаммдардың биохимиялық профильдері**

	W-DP-01	W-DP-03	W-DP-06	SED-02
Грам бояуы	●	●	●	●
Жасуша морфологиясы	таяқша	таяқша	таяқша	таяқша
Эндоспора түзуі	●	●	●	●
Каталаза	●	●	●	●
Оксидаза	●	●	●	●
Желатин гидролизі	■	■	■	■
Крахмал гидролизі	●	▲	●	●
Казеин гидролизі	●	●	●	▲
Уреаза	■	■	■	■
Цитратты пайдалану	●	●	●	●

Нәтижелер

- Оң
- ▲ Әлсіз
- Теріс

Ең тиімді төрт изоляттың биохимиялық сипаттамасы аэробты метаболизмді қолдайтын тұрақты каталаза және оксидаза белсенділігі бар грам-позитивті, спора түзетін таяқшаларды көрсетті. Олардың крахмал мен казеинді гидролиздеу қабілеті полимердің ыдырау белсенділігімен танымал көптеген термофильді бактерияларға тән қасиет – жасушадан тыс гидролитикалық ферменттердің күшті өндірілуін көрсетеді. Бұл ферменттер, әсіресе жасушадан тыс эстеразалар және кутиназа тәрізді гидролаздар, ПЭТ-те беттік эрозияны бастауда механикалық тұрғыдан маңызды, бұл мономердің бөлінуіне және полимердің ішінара ыдырауына әкеледі (Benavides Fernández et al., 2022). Жалпы алғанда, байқалған фенотиптік және биохимиялық профиль Бергей нұсқаулығына сәйкес, метаболикалық әмбебаптығы және жасушадан тыс ферменттердің өндірілуімен танымал топ *Bacillus* тұқымдасына жататынын көрсетеді. Бұл бақылау ПЭТ-мен байланысты биодеграда-

циялық талдауларға *Bacillus* түрлерінің қатысуы туралы есеп берген бұрынғы зерттеулерге сәйкес келеді (Zeng et al., 2023; Dhaka et al., 2025; Khalil et al., 2025). Сонымен қатар, термофильді *Bacillus* штамдары полиэтилен (ПЭТ), төмен тығыздықты полиэтилен (ТППЭ) және жоғары тығыздықты полиэтилен (ЖТПЭ) сияқты басқа синтетикалық полимерлерді ыдырату қабілетімен танымал Dang et al., 2018; Zahari et al., 2025), бұл осы тұқымның кеңірек, бірақ әлі де жеткіліксіз сипатталған полимерді ыдырату әлеуетін көрсетеді.

**Қорытынды**

Бұл зерттеу Қазақстандағы Жаркент геотермалдық бұлақтарынан әртүрлі термофильді бактерияларды сәтті бөлініп алынды. Оқшауланған штаммдар жоғары температуралық ортада (ашық бассейндерден алынған терең геотермалдық су және шөгінді) барынша жоғары

белсенділік көрсетті, бұл термотөзімділік пен полимерлерді гидролиздеу қабілетінің әлеуеті арасындағы экологиялық байланысты меңзейді. Олар жасушадан тыс гидролитикалық ферменттер өндірумен сипатталатын биохимиялық профильге ие.

Бақыланған салмақтың кемуі (28 күн ішінде 13,9–16,0 мг) үміт күттіретін бастапқы нәтиже болды, бірақ келесі қадамдар мыналарды қамтиды: 1) 16S rRNA генін секвенирлеу арқылы ең жақсы нәтиже көрсеткен окшауланымдарды молекулалық анықтау; 2) бөлінетін жауапты арнайы ферменттерді сипаттау; және 3) ыдырау жағдайларын оңтайландыру (мысалы, рН, температура, ПЭТ-ті алдын ала өңдеу); және 4) ПЭТ мономерлерінің бөлінуін растау үшін ыдырау өнімдерін талдау. Бұл жергілікті термофильді ыдыратқыштардың ашылуы Қазақстанда және одан тыс жерлерде пластикалық қалдықтарды

басқару үшін тұрақты, биотехнологиялық шешімдерді әзірлеу үшін жаңа жол ашады.

### Қаржыландыру

